


5 Үлгілі мемлекет жайлы көзқарас



8 Жасанды интеллект адамзаттың тұрмыс салтын басқа арнаға бұрады



Сыр бойы

20 сәуір, сенбі 2024 жыл



№ 60-61 (20734-20735)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi_kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

МҰРАТЫ БІР МӘНГІЛІК ДОСТЫҚ



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Қырғызстан Президентін Ақордада салтанатты түрде қарсы алды.

Келіссөз алдында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет карауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Қырғызстан Президенті сапарының екі тарап үшін де мән-маңызы айрықша екенін атап өтті. – Бүгін біз Одақтастық қатынастарды нығайту және кеңейту туралы тарихи келісімге қол қойдық. Осы маңызды құжат қазақ-қырғыз байланыстарының дамуына тың серпін бере-

тініне сенімдімін. Елаузында «Қырғыз бен қазақтай бір-біріне жақын халық жоқ» деген сөз бар. Бұл – дұрыс айтылған тұжырым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы Қазақстанның бұрын-соңды болмаған сұтасқынмен күресіп жатқанын атап өтіп, осындай қиын-қыстау кезде гуманитарлық көмек көрсеткені үшін Қырғызстан Президентіне және барша қырғыз халқына алғыс айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қырғыз қатынастарының қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды. Президенттің пікірінше, бұған белсенді саяси диалог, үкіметаралық және

парламентаралық тығыз байланыстар ерекше серпін беріп отыр. – Екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық жылдан-жылға нығайып келеді. Былтыр өзара тауар айналымы 1,5 миллиард долларға жетті, яғни 26 пайызға өсті. Алдағы мақсатымыз – алыс-беріс көлемін 2 миллиард долларға жеткізу. Сонымен қатар осы бағытта болашағы зор бірқатар жоба қолға алынды. Жалпы сауда-экономикалық саладағы уағдаластықтар орындалып жатыр, – деді Мемлекет басшысы. Келіссөз барысында мәдени-гуманитарлық байланыстарға да назар аударылды. – Өзара мәдениет күндерін өткізу игі дәстүрге айналды. Жастар арасындағы ықпалдастық күшейді. Білім

беру саласында тәжірибе алмасып жатырмыз. Бүгін өзіңізбен бірге Астанада әйгілі Манасқа ескерткіш ашамыз. Осының бәрі қазақ-қырғыз қарым-қатынасы жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Біз оны жаңа белеске көтеруге мүдделіміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі мемлекет арасындағы дәстүрлі достық пен тату көршілік қатынастарды нығайтуға Қырғызстан Президентінің қосқан үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді.

Өз кезегінде Садыр Жапаров қырғыз делегациясына қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан тарапына ризашылығын білдірді.

– Қазақстан – біздің ең жақын көршіміз. Сыртқы саясатымызда ерекше артықшылықтарға ие болған бауырлас мемлекет әрі негізгі сауда серіктестеріміздің бірі. Екі ел арасында ешқандай саяси, аймақтық қайшылық жоқ. Мемлекет басшысы лауазымына келгелі бері қырғыз-қазақ қарым-қатынасы болсын, халықаралық құрылымдарда болсын, маған қолдау көрсетіп келесіз. Біз бауырлас қазақ халқына су тасқыны салдарынан туындаған қиын кезде қолдан келген көмекті беруге дайынбыз. Екі елді ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достық, бауырлас достық, тату көршілік байланыстар, сондай-ақ ортақ мәдени, рухани және діни құндылықтар біріктіреді. Өзара ынтымақтастығымыз бен стратегиялық серіктестігіміздің одан әрі нығая беретініне сенімдімін, – деді Садыр Жапаров.

Бұдан бөлек, келіссөз барысында тараптар саяси, көлік-транзиттік, энергетикалық салалардағы өзара ықпалдастықты нығайту мәселелерін талқылады. Сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібін қарастырды.

Екі ел басшыларының төрағалығымен Қазақстан мен Қырғызстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің алтыншы отырысы өтті.

Мемлекет басшысы қазақ-қырғыз қатынастары стратегиялық серіктестік рухында дамып келе жатқанын атап өтті.

АРДАГЕРЛЕР САУЛЫҒЫ ҰДАЙЫ НАЗАРДА БОЛУЫ КЕРЕК

«Достық үйінде» облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Денсаулық сақтау басқармасының ардагерлерге қызмет көрсету, сауықтыру, денсаулығын жақсарту бағытындағы жұмыстары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Басқосуға облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, ардагерлер қозғалысының белсенділері, денсаулық сақтау саласының ардагерлері мен қызметкерлері қатысты. Сонымен қатар аудандық ардагерлер кеңестерінің белсенділері мен аурухана басшылары онлайн режимде қосылды.

Дөңгелек үстел отырысын облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев жүргізді.

3-бет

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ ҚАЙТА ЖАСАНУДА

Өткен жылы аймақтың бас қаласында абаттандыру және көркейтуді шараларына ерекше маңыз беріліп, игілікті істердің бірі орталық алаңда бастау алған болатын. Жоба бойынша алаңға субұрқақтар, брусчаткалар, жолжиек тастар орнатылып, жарық диодты шамдар қойылып, газон, көпжылдық жасыл көшеттер отырғызылады. Сонымен қатар шағын архитектуралық пішімдемелер қою да жоспарланған.

8-бет

МАЙДАНГЕРЛЕРГЕ 2,5 МИЛЛИОН ТЕНГЕ

Жеңіс күніне орай қызылордалық соғыс ардагерлеріне 2,5 миллион теңгеден беріледі.

Бұл туралы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мамыр айындағы мерекелерді атап өту мәселелері талқыланған мәжілісте айтты.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне 2,5 млн теңге көлемінде төлем төлеу туралы шешім қабылданды. Бұл – біздің аға ұрпақ алдындағы парызымыз. Бүгінгі бейбіт өмірімізге қан кешіп жүріп жеткізген жандардың ерлігіне қандай құрмет көрсетсек те артық емес. Өткен жылы қарт майдангерлерге 1 үй, 1 көлік, сонымен бірге 1,5 млн теңгеден табысталған еді. Бныл да бір ардагерге Қызылорда қаласынан үй берілді. Бұдан өзге демеушілер есебінен ақшалай және материалдық көмек көрсетіледі. Қала және аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары мерекені атап өтудің жоспарына енген іс-шараларды сапалы әрі мәнді етіп ұйымдастыруы тиіс, – деді аймақ басшысы.

Облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметіне қарағанда, өңірдегі Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ең үлкені 102 жаста. Қызылорда қаласы, Қазалы және Сырдария ауданының әкімдіктері Жеңіс күні қарсаңында төлемдерді аудару бойынша жұмыстарды ұйымдастыруда.

Ардагерлер 2,5 миллион теңге (2 510 560 теңге) мөлшерінде біржолғы төлем алады.

Облыста 2040-тан астам тыл еңбеккері бар, олардың біреуі «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің 7 жесірі, соғыс кезінде жараланған, контузия алып, мертіккен немесе ауру салдарынан қаза тапқан мүгедек жұбайы не зайыбы бар 4 адам тұрады. Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және соғыс кезінде алған жарақат салдарынан мүгедектігі бар адамдарға теңестірілгендер саны 1894-ті құрайды.

Аймақта осы санаттағы 3964 адам тұрады. Олардың барлығы 147 680 теңгеден алады. Сонымен қатар, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған тыл еңбеккеріне 221 520 теңге төленбек.

Айта кетейік, ардагерлер сәуір айында төлем ала бастайды.

/// МӘЖІЛІС

ШИРАҚ ҚИМЫЛ, ШЫНАЙЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАЖЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте мамыр айындағы мерекелерді атап өту және кезекті оқу жылын қорытындылау мәселелері қаралды.

Облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов мерекелер мен атаулы күндердің негізгі идеологиялық бағыттары бойынша баяндама жасады.

Аймақ басшысы іс-шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керектігін назарға салды.

– Мамыр айы Қазақстан халқының бірлігі күнімен басталып, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні мемлекеттік мерекелеріне ұласады. Мектеп бітірушілердің Соңғы қоңырау

салтанаты, Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні аталып өтеді. Облыстық қоғамдық даму басқармасы қоғамдық-саяси маңызды іс-шараларды ұйымдастырып, өткізу жөнінде жоспар әзірлесін. Қызылорда қаласы және аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары жоспарға енген іс-шараларды сапалы әрі мәнді етіп ұйымдастыруы тиіс. Қала, аудан, ауыл орталықтарындағы сквер, аллеялар және іс-шара өткізілетін аумақтар тазартылып, көркейтілуі керек, – деді Нұрлыбек Машбекұлы. Мәжілісте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына қала және аудан әкімдерімен бірлесіп мерекелер күндері кезекшілік ұйымдастыру, коммуналдық қызметтердің тұты-

нушыларға үздіксіз көрсетілуін бақылау тапсырылды. Облыстық полиция, төтенше жағдайлар департаменттері қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін күштік құрамның күшейтілген режимдегі жұмысын үйлестіріп, рейдтер ұйымдастыруы тиіс.

Ал облыстық білім басқармасы Соңғы қоңырау мерекесін және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға қатысты іс-шаралар жоспарын әзірлеуге жауапты. Сондай-ақ басқарма оқу жылының аяқталуына орай өткізілетін іс-шаралар, жазғы демалыс кезінде қоғамдық тәртіпті, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ықтимал жазатайым оқиғалар мен топтық төбелестің алдын алу мақсатында күшейтілген режимде рейд жүргізуі керек.

2-бет

/// САРАП

Кейде мемлекеттің сыртқы қарызы жайлы сөз болғанда жағымсыз пікірлерді көп естіп жатамыз. Алайда қоғамда эмоция тудыратын бұл тақырыптың экономикалық жағынан біз біле бермейтін сыры жетерлік. Тіпті елдің сыртқы қарызын жан басына шағып, үрейлі қауесеттер айтылатыны бар. Бүгін біз осы тақырыпты жалпыға түсінікті етіп тарқатып көрмек ниеттеміз. Сонымен, бір мемлекет өзге елден неге қарыз алады, оны кім, қалай төлейді, одан қандай зиян немесе пайда болуы мүмкін?

ҚАРЫЗСЫЗ МЕМЛЕКЕТ ЖОҚ

Берешектің де «берекесі» бар

Әуелі бір дүниені ескерте кеткен жөн, мақала тақырыбының өзі айтып тұрғандай, әлемде қарызы жоқ ел жоқтың қасы. Мейлі, жәһандағы ықпалды бірінші экономикасы бар алпауыт АҚШ-ты аласыз ба, кәрі құрлықты шоласыз ба, дамушы мен дамуы тежелген мемлекеттерді қарайсыз ба – берешексіз ісі жүрмейді. Бұл

тақырыпты сәл кейін тарқатармыз. Алдымен өзіміздегі хәлге тоқталайық.

Қазір Қазақстанның барлық сыртқы қарызы 162,7 млрд долларды құрайды. Кейінгі 1 жылдың ішінде 2 млрд долларға өсті. Айтпақшы, кейбір жандар мемлекет қарызының көбі Қытайға тиесілі деп ойлайды. Дегенмен олай емес, сыртқы қарыздың басым бөлігі, 41,5 млрд АҚШ доллары Нидерландқа тиесілі.

2021 жылмен салыстырғанда, оның мөлшері 5,8 пайызға немесе 2,6 млрд долларға қысқарған. Екінші орынға 15,3 млрд доллармен Ресей жайғасыпты. Көрші ел алдындағы міндеттемелер 41,6 пайызға немесе 4,5 млрд долларға өскен. Одан кейін еліміз Ұлыбританияға 15,2 млрд доллар, АҚШ-қа 12,4 млрд доллар, Францияға 11,2 млрд доллар қарыз.

3-бет

Валюта бағамы \$ 446,49 kzt

€ 475,38 kzt

₸ 4,79 kzt

Ауа райы ☀️ +18° +32°

🌙 +19° +26°

МҰРАТЫ БІР МӘНГІЛІК ДОСТЫҚ

– Біз одақтастық байланысты нығайтуды қолға алдық. Бүгін біз тарихи келісімге қол қоямыз. Осы маңызды құжат қазақ-қырғыз қатынастарының дамуына тың серпін беретініне ешқандай күмән жоқ. Сондықтан біз бұл келісімге үлкен үміт артып отырмыз. Оған біздің мүмкіндігіміз де, ынта-жігеріміз де жеткілікті. Жоғары мемлекетаралық кеңестің отырысы ынтимақтастық аясын кеңейтуге жол ашады деп санаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгінгі отырыс барысында екі ел ынтимақтастығының өзекті мәселелері талқыланатынын айтты.

– Уақыт сынағынан өткен ықпалдастығымыздың болашағы зор екеніне кәміл сенемін. Бұл бағытта біркісідей күш жұмылдыруымыз қажет. Осы орайда Жоғары мемлекетаралық кеңестің жұмысы қазақ-қырғыз қарым-қатынастарын дамытуға ерекше серпін беретініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Қырғызстан Президенті сан алуан бағыт бойынша серіктестікті одан әрі нығайту маңызды екенін жеткізді.

– Бүгінгі шара қырғыз-қазақ қатынастарын одан әрі нығайтуға ықпал етеді деп ойлаймын. Келіссөздердің дәстүрлі одақтастық және стратегиялық байланыс рухында өтіп жатқаны қуантады. Қырғызстан Қазақстанмен екіжақты байланыстарды тереңдетуге бағытталған сыртқы саясат жүргізіп отыр. Бір-бірімізді қолдап, келешекті ойлап, барлық мәселені бірлесіп шешкен дұрыс деп санаймын. Қырғызстанның атқарушы билік органдары екі ел арасындағы Жоғары мемлекетаралық кеңестің шешімдерін іске асыру үшін тиісті шараларды жүзеге асырып жатыр. Бүгінгі кездесулеріміз екі елдің өзара ынтимақтастығына тың серпін беретініне сенімдімін, – деді Садыр Жапаров.

Президенттер бүгінгі талқылаулардың табысты болғанын, екіжақты ықпалдастықтың басымдықтары мен ал-



дағы міндеттері айқындалғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы қатынастарды мүлде жаңа деңгейге көтеруге өзара ниетті екенін айтты.

Сонымен қатар жиын барысында сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, су-энергетикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтимақтастық мәселелері қарастырылды.

Жиында Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары Серік Жұманғарин, Қырғызстан Министрлер кабинеті төрағасының бірінші орынбасары Адылбек Қасымалиев, Қазақстанның Көлік министрі Марат Қарабаев, Қыр-

ғызстанның Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары – Шекара қызметінің директоры Уларбек Шаршеев, Қазақстанның Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Қырғызстанның Энергетика министрлігінің бірінші орынбасары Назгүл Усенова, Қырғызстанның Су ресурстары, ауыл шаруашылығы және өңдеуші өнеркәсіп министрінің орынбасары Алмазбек Соқеев, Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қырғызстанның Мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрі Алтынбек Максұтов сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа I дәрежелі «Достық» орденін табыс етті.

Салтанатты рәсім барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровтың екіжақты қарым-қатынастарды дамытуға және нығайтуға зор үлес қосып отырғанын атап өтті.

– Қырғызстан – біздің ежелден еншісі бір, тамырлас туысымыз. Ең жақын әрі сенімді стратегиялық серіктесіміз. Қос халықтың бауырластығы – өзара тиімді қарым-қатынастың алтын арқауы. Бұл іске Сіз зор үлес қосып келесіз. Мен оны жоғары бағалаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан-Қырғыз елімен стратегиялық әріптестік пен одақтастыққа негізделген ынтимақтастықты нығайтуға мүдделі. Біз болашаққа бірге қадам басамыз. Мәңгілік достығымыз бен мызғымас бауырластығымыз жалғаса береді.

– Сіз халықтарымыз арасындағы өзара тиімді байланыстарды нығайтуға зор еңбек сіңірдіңіз. Мен осыны ескере отырып, Сізді I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдадым.

Бұл – ерекше құрмет пен шынайы ризашылықтың белгісі. Осы марапат екі елдің қарым-қатынасын одан әрі дамытуға ықпал етеріне сенімім мол. Қазақстан мен Қырғызстанның достығы мәңгі жалғаса берсін! – деді Мемлекет басшысы.

Садыр Жапаров Қасым-Жомарт Тоқаевқа шын жүректен алғыс айтып, екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықты одан әрі нығайту үшін бар күш-жігерін салуға дайын екенін мәлімдеді.

Кеше сондай-ақ екі ел Президенті БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді және Айкөл Манас ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысты.

Айта кетейік, 18 сәуірде Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров екі ел өнерпаздарының гала-концертінің тамашалады. Бейбітшілік және келісім сарайында өткен шарада Қазақстан мен Қырғызстанның танымал мәдениет қайраткерлері өнер көрсетті.

Бұдан бөлек, концертте «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театрының әртістері, «Гүлдер», «Астана сазы», «Арқасыры» (Қырғызстан) ансамбльдері сияқты шығармашылық ұжымдар көрермендерге керемет көңіл-күй сыйлады.

Бағдарлама аясында «Манас» эпосынан үзінді оқылып, қос халыққа кең тараған әндер мен күйлер орындалды. Сондай-ақ бірнеше хореографиялық композиция ұсынылды.

Сонымен қатар концертті Қырғызстанның ресми делегациясы мүшелері мен зиялы қауым өкілдері тамашалады.

ШИРАҚ ҚИМЫЛ, ШЫНАЙЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАЖЕТ



Комиссия жұмысына сын айтылды

Мектептер құрылысы қатаң бақылауда

Мәжілісте аймақ басшысы қала, аудан әкімдіктері жанындағы кәсіпкерлер мен бизнесмендердің құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар жұмысын сынға алды.

– 2024 жылдың 3 айының қорытындысына қарағанда, облыста кәсіпкерлерге толмағандарға қарсы жасалған қылмыс саны өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 10,5%-ға төмендеген. Дегенмен, жекелей алғанда кейбір қылмыс түрлерінің саны артқан. Қала, аудан әкімдіктері жанында кәсіпкерлерге толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар бар. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық, топтық төбелестердің алдын алуға тікелей жауапты болғанымен, жұмысы нәтижесіз. Ешқандай зерделеу, талдау жоқ. Комиссия мүшелері адрестік-профилактикалық жұмыс жүргізбейді. Тек мұғалімдер мен инспекторлардың зерттеулеріне сүйеніп, шешім қабылдайды. Мұны бала тағдырына бейжай қарау деп есептеймін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақ басшысы қала және аудан әкімдеріне осы бағыттағы жұмысты шұғыл түрде бір жүйеге келтіру міндетін жүктеді. Алдағы уақытта комиссия қызметі бағаланғанда, профилактикалық шаралармен қатар, нақты адрестік жұмыстар, нәтижелі индикаторлар есепке алынады. Облыстық білім басқармасы комиссиялардың есебін тоқсан сайын баяндап, соған сәйкес шешім қабылданбақ.

Салынатын мектептердің сапасы, құрылыстың уақытылы аяқталуы жіті назарда болуы керек.

– Биыл өңірімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен 10 мектеп, «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының» және жергілікті бюджеттің қаржысына 3 мектеп салынады. Оның 7-еуін жана оқу жылында, 6 білім ошағын жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған. Одан бөлек, 4 мектеп жанынан қосымша құрылыс салынады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы Мемлекет басшысының, Үкіметтің тікелей бақылауында. Құрылыс сапасын күнделікті қадағалап, мерзімінде аяқталуын басты назарда ұстау қажет, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мұнан бөлек, мамыр айынан бастап облыстағы 7 білім беру мекемесі күрделі жөндеуден өтеді. Облыстық бақылау жөніндегі басқармасына жұмыс сапасын, мерзі-



мінде аяқталуын қатаң қадағалау тапсырылды.

Сондай-ақ жиында кейбір аудандардағы кешкі мектептердің жабылуына орай қысқартылатын педагогтердің жұмыспен қамтылуы, мектептердегі штаттық бірліктердің тиімділігі талқыланды.

Тиімділік әрі ұқыптылық маңызды

– Бүгінде облыс бойынша 276 мектепте профит бар, яғни, кейбір елді мекендерде орналасқан мектеп ғимараттарын өзге де әлеуметтік мақсаттарға пайдалануға болады деген сөз. Қала және аудан әкімдері облыстық экономика және қаржы басқармасымен бірлесіп, жаңадан салынатын әлеуметтік нысандар, атап айтқанда, спорт кешендері мен ауылдық клуб құрылыстарына қатысты алдын ала зерделеу жүргізіңіздер. Оларды салуға қомақты қаржы бөлгеннен, бос тұрған мектеп ғимараттарын тиімді пайдалану тетіктерін қарастыру қажет, – деді облыс әкімі.

Бұл ретте мәселе, мекеме басшылары ғимараттарды күтіп ұстау, әр мүлкіне ұқыпты қарауы тиіс. Қасбетінен бастап, ауласының тазалығын қамтамасыз ету – басшылардың тікелей міндеті. Сыр өңірі алғашқылардың бірі болып ел Президентінің «Таза Қазақстан» акциясын қолдағаны белгілі. Науқан аясындағы көркейтуді қолдау шаралары, тазалық жұмыстары мамыр айына дейін жалғасады. Сондықтан білім беру ұйымдары аумағында тазалық жұмыстарының тұрақты жүргізілуін бақылауға алу тапсырылды.

Нысаналы мақсат нақтылануы тиіс

Мәжілісте сондай-ақ жекеменшік балабақшаларды заңдастыру барысы талқыланды.

Аймақ басшысы жекеменшік бөбекжайлардың басым көпшілігінің нысаналы мақсаты кәсіпкерлік болып өзгертілгенін атап өтті.

– Аймағымызда қазіргі таңда 460 жекеменшік балабақша жұмыс жасайды. Оның 416-ның немесе 90,4%-ның нысаналы мақсаты кәсіпкерлікке өзгертілген. Қалған 44 балабақшаны рәсімдеу жұмыстары заң талаптарына сай жүргізілуі тиіс, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, нысаналы мақсаты өзгертілмеген балабақшалар Қызылорда қаласында, Жаңақорған және Жалағаш аудандарында. Жауапты тұлғаларға мәселені бақылауға алу тапсырылды.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚАУІПСІЗДІК ҚАШАНДА МАҢЫЗДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен бейнебақылау камералары мен аналитикалық жүйені енгізуді ұйымдастыру бойынша жиын өтіп, сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

Аймақ басшысы цифрлық технологияларды енгізу арқылы сервистерді оңтайландыру тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға және қауіпсіздік мәселесін шешуге бағытталуы тиіс екенін атап өтті.

– Облыстық полиция департаменті «Сергек» жобасына сәйкес бейнебақылау камераларын орнату бойынша мемлекеттік-жекеменшік әріптестік келісімінің заңды құжаттары рәсімделгенге дейін оны пилоттық жоба ретінде екіжақты меморандум арқылы осы жылдың 1 тамызына дейін толық іске қосуы керек.

Сонымен бірге мемлекеттік-жекеменшік әріптестік конкурсының жұмыстарын да 1 тамызға дейін аяқтау міндеттеледі. Барлық аудандағы кіші жедел басқару орталықтарын жөндеуден өткізу және заманауи құрылғылармен қамтамасыз ету мәселесін пысықтап, тиісті ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Жасыратыны жоқ, көпшілік арасында «бейнебақылау камерасын көбейту айыпшұл салып, қаржы жинауды көздейді» деген біржақты қате түсінік бар. Алайда біз үшін тұрғындардың қауіпсіздігі аса маңызды, – деді облыс әкімі.

Жиында облыстық полиция департаменті бастығы, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері мәселеге қатысты сұрақтарға жауап беріп, атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Қазір Қызылорда қаласында Жедел басқару орталығына қарасты 272 бейнебақылау камерасы жұмыс жасайды. «Әкімшілік өндірістің бірыңғай тізілімі» (ЕРАП) бойынша термопринтер және планшеттермен, «Электронды қылмыстық іс» жобасы шеңберінде техникалық құрал-жабдықтармен 100% қамтылған. Тағы 20 «Аркан» стационарлық жылдамдық өлшегіші, 5 интеллектуалды қиылыс орнатылған.

«Қауіпсіз қала» жобасын жүзеге асыру мақсатында биылдан бастап Қызылорда қаласында қоғамдық орындар мен көпқабатты үй аулаларына 1400 бейнебақылау камерасы, 19 интеллектуалды қиылыс, 58 стационарлық жылдамдық өлшегіш қондырғы, 20 Sergek Qorgau мобильді жұмыс орны орнатылмақ.

Жедел басқару орталығын қайта жаңғырту жоспарлануда. Бұл – тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қылмыс пен бұзақылықтың алдын алу үшін қолға алынған шара.

Сондай-ақ жоба бойынша демеушілік есебінен тұрғындардың игілігі үшін халық көп шоғырланатын қоғамдық орындарды тегін Wi-Fi желісімен, интеллектуалды көлік жүйесімен және IT Park ғимаратын заманауи техникалармен жабдықтау жоспарланып отыр.

Бұдан былай Sergek Qorgau мобильді қосымшасы арқылы жол-патрульдік полиция қызметкерінің планшетінде көлік және жүргізушінің барлық деректері (жүргізу куәлігі, сақтандыру, техосмотр, мем. нөмір, бұзушылықтары) қолжетімді болады. Бұл жол-көлік ережелерін қатарынан бірнеше рет бұзу фактілері белгілі болғанда, 5 минут ішінде «Қауіпті жүргізуші» статусын анықтауға және көлікті оперативті түрде ұстауға мүмкіндік береді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

АРДАГЕРЛЕР САУЛЫҒЫ ҰДАЙЫ НАЗАРДА БОЛУЫ КЕРЕК



Облыс әкімінің бірінші орынбасары ардагерлердің қоғамдағы, ұлттық құндылықтарды сақтаудағы, насихаттаудағы орнына тоқталып, аға буын өкілдеріне қай кезде де қолдау көрсетілетінін жеткізді.

– Халқымыз «Қарты бар үйдің казынасы бар» деп бекер айтпаған. Елдің бірлігін сақтауда, ұлтты ұйыстыруда аға буын өкілдері, сіздердің еңбектеріңіз зор. Осы орайда ардагерлер денсаулығын сақтауға жеткілікті деңгейде көңіл бөлінуі керек екенін білеміз. Сондықтан бүгінгідей шараның өтуі өте орынды. Қай саланың да өзіне тән қиындығы мен түйткілі мәселелері бар. Сол секілді денсаулық сақтау саласының да қиыншылығы жетерлік. Әйтсе де тұрғындар денсаулығын сақтауда атқарылып жатқан ауқымды жұмыс көп. Облыс бюджетінің 60 пайыздан астамы әлеуметтік салаға жұмсалып отыр. Оның ішінде білім мен денсаулық саласы бірінші кезекте. Осыдан-ақ жанашырлықты, жасалып жатқан жұмыстардың ауқымын білуге болады. Әрине, кемшілік те жоқ емес. Оны білеміз. Сын айтылуы керек. «Сырт көз – сыншы» демекші, біз қанша бақылап отырсақ та кейбір нәрселерді көрмей қалуымыз мүмкін, ал сіздер байқайсыздар. Сондықтан шынайы сын айтылуы қажет. Алайда түйткілі мәселелерді бірден, аз уақытта шешіп тастаймыз деп айта алмаймыз. Бәрі кезең-кезеңімен шешімін табады. Ол үшін жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Бүгін сіздермен салаға қатысты, оның ішінде ардагерлер денсаулығына қатысты ой-пікірлерді ортаға салып, орын алған мәселелерді бірге талқылайтын боламыз, – деді Д. Жаналинов.

Басқосуда облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқаков баяндама жасап, салада атқарылып жатқан жұмыстарға, оның ішінде ардагерлерді сауықтыру, денсаулығын жақсарту бағытындағы шаруаларға тоқталды.

– Өткен жылдың қорытындысымен облыс бойынша 816476 тұрғын емханаларға тіркелген. Оның 11 пайызы, яғни, 89600-ін 60 жастан асқандар құрайды. 2022 жылмен салыстырғанда егде жастағы тұрғындар 4795 адамға артық. Жалпы Дүниежүзі денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша 18-44 жас аралығындағылар жастар болып саналса, 45-59 жас аралығы – орта жас, 60-74 жас аралығындағылар егде жас, 75-90 жас аралығы – көрлік, 90 жастан асқандар ұзақ өмір сүруші болып саналады.

Халықтың денсаулығын нығайту – саланың басты міндетінің бірі. Облыста Мемлекет басшысының тұрғындарға медициналық көмек көрсетудің тиімділігін арттыру жөнінде

тапсырмаларын орындау мақсатында бірқатар кешенді жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде негізгі көрсеткіштер бойынша оң өзгерістер байқалды. Мәселен, жалпы өлім-жітім көрсеткіші бір деңгейде сақталса, ана өлімі 5,7 есе, сәби өлімі 13,4 пайыз төмендеді.

Егде жастағы тұрғындардың денсаулығын нығайтуда сапалы медициналық қызметтің рөлі ерекше. Осы ретте жыл сайын профилактикалық тексеру мақсатында бастапқы медициналық ұйымдарда нысаналы топтарды қарап-тексеру жүргізіледі. Нақтырақ айтқанда, алты нозология бойынша скринингтік тексеруден өтеді. Облыста бытыр 348345 тұрғын тексеруден өткізілсе, оның 99 000-ы, яғни, 28,4 пайызын егде жастағылар құрады. Қазіргі кезде әрбір емханада карттар денсаулық мектебі жұмыс істейді. Облыста созылмалы аурулармен 163 000 наукас есепте тұрса, оның ішінде 60 жастан жоғары наукас саны – 52589. Бытыр 480535 жедел жәрдем шақыртуы орындалған. Оның 110 мыңы 60 жастан асқандардың үлесінде. Егде жастағылар арасында жиі кездесетін ауру – көз аурулары. Көп арыз-шағым осы көз ауруларын емдеуге қатысты түсетін. Мәселені шешу үшін Қазалы теміржол ауруханасынан көз аурулары бөлімшесі ашылып, жұмысына кірісті. Екінші бөлімше Арал ауданынан және жыл соңына дейін Жаңақорғаннан ашылады деп отырмыз, – деді басқарма басшысы.

Сондай-ақ ол саланы құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, мамандар тарту, жаңа нысандар құрылысын жүргізу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды саралады. Дөңгелек үстел отырысында Сайлаубай Әбішев, Асылбек Тоғызбаев, Күләй Ермағанбетова, Олжабай Тобағабалов, тағы басқа ардагерлер сөз алып, бірқатар мәселені ортаға салды. Мәселен, есепте тұратын зейнеткерлерге дәрі-дәрмектің уақытылы берілуі, медициналық қызметтің сапасын көтеру, ауруханаларда ардагерлерге арнайы палаталар бөлу, МӘМС арқылы ардагерлердің сауықтырылуы үшін шипажайларға жолдама беру, зейнеткерлерге экологиялық коэффициенттің төленбейтіні туралы айтты.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов пен денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқаков сұрақтарға жауап беріп, ұсыныстар назарға алынатынын жеткізді.

Соңында ардагерлерге қолдау көрсетуді жалғастыру үшін облыстық ардагерлер кеңесі мен облыстық денсаулық сақтау басқармасы арасында екіжақты меморандумға қол қойылды.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Жалпы, қарыз деген құлаққа жағымды естілетін сөз емес, бірақ оны сыртқы қарызға қарата айтудың себебі жоқ. Бірден айтайық, сыртқы қарыз – бюджеттің немесе халықтың қаражаты есебінен төленбейтін борыш. Мемлекет өз шығынын негізінен Ұлттық қордан түсетін салықтық және салықтық емес түсім мен трансферт есебінен, ал қалған бөлігін қарыз есебінен жабады. Бұл қаражаттың басым бөлігі экономика мен инфрақұрылымның негізгі секторларын дамытуға бағытталады. Сондай-ақ қарызға алынған ақша денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік көмек және қамтамасыз ету сияқты әлеуметтік міндеттерді орындауға жұмсалады. Басты дүние қарыздың мөлшері емес, елдің сол қарызды қайтаралуында деп есептеледі.

Құрылымы бойынша мемлекеттік қарызды екі бөлікке бөлеміз, ішкі және сыртқы. Басқа елдер, шетелдік ұйымдар және жеке инвесторлар алдындағы қарыз – сыртқы қарыз болса, сәйкесінше, отандық компаниялар

ішкі қарыздан құралған. Ал сыртқы борыштың мөлшері 7,8 триллион теңгеге жетті (16,9 миллиард доллар). Қарыз ақшаның жартысынан көбісі суверендік облигациялар шығару арқылы алынған. Бұл – халықаралық ұйымдар да Қазақстанның экономикасына қаржы салып жатқанының белгісі. Мемлекеттік борыш өскен сайын оны өтеуге кететін шығындар да, пайызын төлеу өсетіні белгілі. 2022 жылы ол 1,3 триллион теңге болған, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 32,7 пайызға жоғары. 2018-2023 жыл аралығында борыштарды өтеуге кетіп жатқан шығындардың үлесі жалпы борыш сомасының 5,2 пайызы болған. Бұған қарап, қарыз ақшалар айтарлықтай арзанға алынған деп айтуға болады. Сарапшылардың сөзінше, Қазақстанның мемлекеттік қарызы көп деп айтуға келмейді, тіпті кейде қарыз көп елдің экономикасы да қуатты деген қорытынды шығаруға болады. Түсініктірек болу үшін басқа мемлекеттердің ахуалымен салыстырамыз.

ҚАРЫЗСЫЗ МЕМЛЕКЕТ ЖОҚ



Фото: Ашық дереккөздер

Өзге елдердің де өтелмеген қарызы көп

мен отандық инвесторлар алдындағы қарыз – ішкі қарыз. Сыртқы қарыз өз ішінде Үкіметтің борышы, Ұлттық Банктің борышы, жергілікті атқарушы органдардың борышы болып бөлінеді. Сыртқы қарыздардың ішінде фирмалық қарыздар да бар. Бұл – елге сырттан тікелей тартылып отырған инвестициялар. Шетелден келетін компаниялар елімізде құрылып жатса, олар жұмыс орындарын ашады, өз капиталымен келеді. Біз қолымыз жетпейтін кейбір өндірістік тауарларды сол қаражаттың есебінен өндіруге мүмкіндік аламыз. Олар да қарызға есептеледі. Сол сияқты екінші деңгейлі банктердің қарызы бар. Бұл бірақ қатты мән беретін, алаңдатарлық жағдай емес, тек банктердің қосымша сырттан қарыз алуға белгілі бір дәрежеде мүмкіндігі бар. Сырттан қарыз алатын тағы бір сектор – өзге де секторлар деп аталады. Оның ішінде квазимемлекеттік сектор бар. Ұлттық компаниялардың, оның ішінде «ҚазМұнайГаз», «Қазақстан Темір Жолы» сияқты компаниялардың қарыздарын айтамыз. Бытырғы 1 тоқсанның қорытындысы бойынша, Үкіметтің борышы 22 717 миллиард теңге немесе мемлекеттік борыштың 86 пайызы, Ұлттық Банктікі 2 632 миллиард теңге немесе мемлекеттік борыштың 10 пайызы, жергілікті атқарушы органдар сыртқы кредиторларға 1 069 миллиард теңге қарыз, бұл – мемлекеттік борыштың 4 пайызы. Осылайша Үкіметтің ғана емес, Ұлттық Банк пен жергілікті атқарушы органдардың да қарызы өсіп жатқаны байқалады.

Бұл тұста нақты айта кетелік, Қазақстанның мемлекеттік қарыздарының басым бөлігі – яғни 66 пайызы, орта есеппен кейінгі 5 жыл ішіндегі

Дүниежүзілік банктің зерттеуі бойынша, мемлекет борышының мөлшері жалпы ішкі өнімнің 77 пайызынан асатын болса, ел экономикасына кері әсер етуі мүмкін. Соған қарамастан, көптеген елде мемлекеттік борыштың деңгейі бұдан жоғары. Экономикасы дамыған елдерде жиынтық мемлекеттік борыш сонау 2011 жылдан бері өсіп отырып, 100 пайыздан асып кеткен. Қазір экономикасы дамып жатқан және нарығы да енді қалыптасып келе жатқан елдерде мемлекеттік борыш шамамен жалпы ішкі өнімнің 60 пайызынан асады, яғни әуелде айтып өткендей, мемлекеттік қанша қарыз екені маңызды емес, қайтару әлеуеті, қауқары маңызды. Мәселен, дамыған елдер арасында ең көп мемлекеттік борыш әлемдегі төртінші экономика саналатын Жапонияда, жалпы ішкі өнімнің 229,1 пайызы, Сингапурда (167,8 пайызы) тіркелген. Кредиторлар бұл елдерге «қарыз беруге» бейім. Өйткені қайтарып алатындарына күмән болмайды. Бұл дерек жыл сайын бюджет шығындарының шамамен 10 пайызын сыртқы қарыздан төлеуге жұмсайды. Ал Аустрия 39, Чехия 36, Чили 26,1, Сауд Арабиясы 25,9 пайызын төлейді.

Forbes.kz-ке сыртқы қарыз бойынша пікір айтқан Сапарбай Досжанұлы мемлекеттік түсімдер шығындарға қарағанда аз болатынын, сондықтан сырттан инвестиция тарту бұл әлемдік тәжірибеде кездесетін қалыпты жағдай екенін жеткізген.

– Әлемде АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Италия, Қытай, Франция сияқты бай-қуатты дамыған елдер мемлекеттік сыртқы қарыздары көп мемлекеттердің көшіні бастайды. Тіпті

олардың сыртқы қарызы жалпы ішкі өнім сомасымен тең немесе көбірек те болуы мүмкін. Егер халықаралық тәжірибе туралы айтатын болсақ, онда сыртқы қарыздың қолайлы деңгейі ретінде халықаралық рейтингтік агенттіктер мен әртүрлі халықаралық сарапшылар сыртқы қарыздың үлесін 40-50 пайыз аралығында ұстау қажеттігін атайды. Егер сыртқы қарыздың жай-күйін таяу шетелдермен салыстыратын болсақ, онда, мысалы, біздің көрсеткішіміз, Ресейдікі – 56 млрд, ал Қытай елінің қарызы – шамамен 454 млрд АҚШ долларын құрайды. Тіпті Өзбекстанның мемлекеттік сыртқы қарызы 23 млрд АҚШ доллары шамасында. Десек те, Қазақстан сияқты дамушы елдердің мұндай тауекелдерге бармағаны дұрыс, өйткені, ол біз үшін қауіпті, сондықтан сыртқы қарыз көлемі жалпы ішкі өнімнен төмен болады. Мәселен, біздің жалпы ішкі өніміміз 30-35 млрд АҚШ долларын құраса, сыртқы қарыз 16-17 млрд АҚШ долларын құрайды, бұл қарыз көлемі көтерілмеуі керек. Парламент тарапынан бұл заңдық негізде шектеліп отырады, – деген ол.

Осы тұста бір қызықты жайтқа тоқталайық. Әлемнің ең ірі державасы АҚШ 34 триллион доллар қарызға батты. Оның үстіне қосылтын пайызы АҚШ-тың қорғаныс саласына бөлінетін қаражатымен бірдей. Мысалы, 2022 жылы қорғаныс саласына елдің жұмсаған шығыны 800 млрд доллар болған. Питер Петерсон қорының хабарлауынша, осы қарқынмен кете беретін болса, келесі 10 жыл ішінде америкалық федералды үкімет қарыздың тек үстіндегі пайызын төлеуге кететін шығыны инфрақұрылым мен білімге бөлінетін қаражаттан асып түседі.

АҚШ қарыз алған мемлекеттердің тізімінде Жапония (1 трлн доллар), Қытай (1 трлн доллар), Ұлыбритания (716 млрд доллар) бар. Ал президент Джо Байден қарызды уақытында қайтаратынын айтып, саспайды. Басқа гарантия жоқ. АҚШ-тың қарыз алған ақшасы қайда кетті десек, 2022 жылы Америка Құрама Штаттарының федералды үкіметі Ауғанстан, Пәкістан, Ирактағы соғысқа 8 триллион доллар жұмсапты, яғни, соғыстарға қарыз алып ақша жұмсаған. Ал 2020 жылы АҚШ 2 трлн доллар қарызға алынған қаражатты терроризмге қарсы күрес жүргізуге бағыттаған. 2030 жылға қарай 2 трлн доллардың үстіне тағы 2 трлн қосып төлеу керек болады. Тіпті алдағы 10 жылда АҚШ үкіметі тағы 20 трлн доллар берешек алуды жоспарлап отырған көрінеді. Қарыз көлемі көбейе беретін болса, елдегі түрлі салалардағы инвестиция ағынын азайтуы мүмкін.

Жалпы АҚШ-тың қарыз алуға деген әуестігі 2001 жылы басталды, содан бері басымды келеді. Оның салдары көп болуы мүмкін. Бірінші, ғаламдық қауіпсіздікке қауіп төндіреді. Екінші, АҚШ қарызды қайтару үшін бюджет шығынын қысқартуға мәжбүр болады. Үшінші, қарызды қайтаруға шамасы жетпей, дефолт жариялаған жағдайда, берешек берген елдер ақшасын қайтара алмайды, олардың да экономикасы құлдырайды. Төртінші, жалғыз резервтегі валюта – доллар зардап шегуі мүмкін. Баяғы фунт пен гульденнің кебін киіп, «резервтегі» деген статусынан айырылып қалуы мүмкін. Бесінші, қарызды қайтару үшін АҚШ үкіметі салықты көбейту немесе болмаса шығындарды азайтуы мүмкін. Бірақ екі нұсқаны да көбі қаламайды.

Сонымен, сыртқы қарыз жөнінде аз-кем шолу жасадық. Оның пайдалы да, зиян да тұсы барын байқадық. Алайда ел қоғамы осы тақырып төңірегінде негізгі әрі бос байбалам сала беруді тоқтатқаны абзал екені аңғарылды.

Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

ІРГЕЛІ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ІЛГЕРІ ІСІ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Еркебұлан Жұмбаев Қызылорда облысына жұмыс сапары аясында Шиелі ауданында болып, Досбол датқа елді мекеніндегі «Сейтжанов» шаруа қожалығы жұмысымен танысты.

Қожалық негізінен егін егіп, мал өсірумен айналысады. Қазіргі уақытта 250 гектар жерге күріш, 80 гектар жерге мақсары дақылын егіп отыр. Жалпы отбасылық шаруа қожалығының иелігінде егістік пен жайылымдық жер бар. Ұлдары жылқы баптап, күріш ексе, келіндері қымыз сапырып, күрт-май жасап отыр. Балалары әулетке ортақ шаруашылық жұмысын бірлесе атқарады. Барлығы дала жұмысына бейім. Өйткені жастайынан көріп өскені – осы.

– Біздің мақсат – өңірлердегі шаруа қожалықтарын аралап, ұсыныстарын тыңдау. Көктемгі егіс жұмыс-

тарымен танысу. «ҚазАгроҚаржы» АҚ басқармасы бағдарламаларының тиімді тұстарын атап көрсетеміз. Өткен жылы басқарма 178 млрд теңгеге лизингтік қаржыландыру бағдарламасы арқылы ауыл шаруашылығы техникасы берілген. Быыл қаржы көлемін 185 млрд теңгеге жеткізуді жоспарлап отырмыз. Бүгінде Қызылорда облысында 250-ге жуық шаруа қожалығын қаржыландырамыз. «Сейтжанов» шаруа қожалығымен 2014 жылдан бері бірлесе жұмыс атқарып келеміз. Бізде техниканы кепілсіз беру қарастырылған. Бұл кәсіпорын жұмысын жеңілдетіп, өнім көлемін арттыруға септігін тигізбек, – дейді төраға орынбасары.

Шаруашылық басшысы Әбдімәлік Сейтжанұлы жұбайы Бақтыгүл екеуі 11 бала тәрбиелеп өсірген. Сексеннің сегіріне шыққан қария қожалық жұмысын өзі қадағалап отырады. Сөзі жинақы, жүрісі ширақ. 1992 жылы зауыт-фабрикалар жұмысын тоқта-



тып, дүкен сөрелері қаңырап бос қалып жатқан заманда жеке шаруа қожалығын құрды. Сөйтті де балаларын еңбекке баулады.

2014 жылы ферма маңына күннен қуат алатын 37 кВт-тық автономды станция орнатылған. Жаңа заманауи қондырғы жұмысты әлдеқайда жеңіл-

детіп отыр. Бір айта кетерлігі, бұл күн панелдерін қазақстандық «Astana Solar» компаниясы шығарған. Осы жоба Астанада өткен «Expo-2017» көрмесінде таныстырылғаны.

«Егінші – мәрт, жер – жомарт» деп осындайда айтылса керек-ті. Әбдімәлік ақсақалдың балалары түгелімен

Жер-ананың жемісін жеп келеді, ауызбірліктің арқасында наным адалынан тауып отыр. Бұл – екі қолға бір күрек таппай жүрген кейбір жастарға үлгі-өнеге.

– «ҚазАгроҚаржы» тиімді көмек көрсетеді. Техника құнына қарай мерзімін ұзартып береді. Күннен қуат алатын қондырғыны Қазақстанда алғаш біз алғанбыз. Қаржысынан төлеумен қолтылық. Енді біздің пайдамызға жұмыс жасап тұр. Сонымен бірге қожалыққа керек техникаларды алдық. Олар – отандық өнім. Жалпы шаруашылық құрамында 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Балалардың барлығы осы жұмысқа маманданған, – дейді шаруашылық төрағасы.

Еңбектенген адам несібесіз қалмайды. Бұл – «Сейтжанов» шаруа қожалығының ұстанымы.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

Араға отыз жыл салып олқылық оналған секілді. Бүгінде мұндағы идеологиялық жоспар, білім беру ісі мен әлеуметтік қолдауда ілгерілеу бар. Бастысы, әр салада отандық модельдің қолданысқа енгізілуі, ұлттық бірегейлікке жасалған қадам қуантады. Әлеуметтік мәселелердің шешімі де өз алдына бөлек әңгіме. Орайы келгенде Байқоңырдағы басты өзгерістерді ретімен тарқатып көрейік.

Қос валюта және келешек үшін күрес

Статистикаға сүйенсек, Байқоңыр қаласы әкімшілігіне қарасты мекемелер мен ұйымдарда орташа айлық табыс 33 675 рубль, яғни 168 375 теңге. Бұл елдегі көрсеткіштен 66 мың теңгеге артық. Алайда мұның экономикалық әлеуетті көтеруге пайдасы тиіп отыр деп айта алмас едік. Себебі, байқоңырлықтар теңгеммен қатар рубльді қолданады. Әсіресе, сауданың басым бөлігі көрші елдің валютасымен жүрсе, дүкен мен базарда айырбастау бағамы республиканың басқа қалаларындағы айырбастау пункттеріне қарағанда тиімсіз. Тұрғындар теңгені көбінесе жақын маңдағы «Төретам» және «Ақай» ауылдарынан сауда жасауға жұмсайтыны сондықтан.

Міне, айтылмай келген экономикалық күрмеудің бірі – осы. Содан болар, Қазақстан тарапы қалашықтағы отандастардың көсіппен айналысуына мүмкіндік жасап, ұлттық валютаның беделін арттыруға күш салуда. Мысалы, жуырда кәсіпкерлік нысандарын ашу үшін жалдан шығарылған 9 нысанды инвесторларға беру процесі аяқталмақ. Жоба сәтті аяқталса, 300-ге жуық жұмыс орны ашылады деп жоспарланған.

Бүгінде қаланың өзекті мәселесі – өндіріс орнының болмауы, кәсіпкерлердің керекті жәрдемге қол жеткізе алмауы жана жұмыс орнын құруға кедергі келтіруде. Мәселені шешу мақсатында үкіметаралық отырыс жиі өтіп, нәтижесінде «Байқоңыр қаласын дамытудың ұзақмерзімді бағдарламасы» жарық көрді. Жоба аясында кәсіпкерлерді қолдау, туризмді дамытуға бағытталған бірқатар қадам жасалғанын байқауға болады.

Қалада жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде көрсетілді. Өткен жылы тұрақты жұмыс орындарына 435 адам жұмысқа орналастырылған. «Бастау бизнес» кәсіпкерлік негіздерін оқыған 50 тұрғынға 69 миллион теңге сомасына өтеуісіз грант берілген. Сонымен қатар, Қызылорда облысының әкімдігімен «Байқоңыр» кешенінің жалдан шығарылған нысандар негізінде кәсіпкерлік объектілерін ашу үшін Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне беру бойынша тұрақты жұмыстар жүргізілуде.

Бір жылда 50-ге жуық кәсіпкерге қолдау білдіру тегін емес. Қазір қала экономикасы әртараптануды қажет етеді. Себебі тұрғындардың көбі ғарыш айлағында жұмыс істейді. Негізгі табыс көзі де айлаққа байланған. Мұндай теңсіздік ерте ме, кеш пе жұмыссыздық динамикасының кейін кетуіне әкеледі. Сондықтан Қазақстан тарапының қаладағы орта және шағын кәсіпкерлікті дамытуға жағдайларын келешек үшін күрес десек болатындай. Кәсіпкерлер де қажетін түсініп, қайтарым қаржыны мал шаруашылығы, шаштараз қызметі, шағын типография ашу, жартылай фабрика өнімдерін дайындау секілді бағыттарды дамытуға алған.

Қалың қазақ ортасында отырса да Байқоңырдағы азық-түлік бағасында алшақтық бар. Бұған қалаға кіріп-шығу қиындығы, тексеріс ұзақтығы себеп болса керек. Тұрғындар шаһардан шығып, «Төретам» кенті мен «Ақай» ауылына барып арзан азық-түлік алуға мәжбүр. Бір қарағанда болмашы қиындық көрінгенімен, аталған мәселе азаматтардың әлеуметтік көңіл-күйіне әсер етіп отыр. Осыны ескерген Қазақстан тарапы баға саясатын бір жүйеге келтіру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Байқоңыр қаласының аумағында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізуді жиілеткен. Өткен жылдың өзінде Арал және Қармақшы аудандарының шаруа қожалықтары мен «Байқоңыр» ӘКК бірлесіп бірнеше жәрмеңке ұйымдастырды. Шарада 150 тоннаға жуық өнім нарық бағасынан 15-20 пайызға арзан сатылған.

Қарқын: құрылыс, қолдау, қаражат

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту үшін қатынас қолайлы болуы шарт. Осы ұстаныммен алсақ, қадағалауы қатаң Байқоңырға кіріп-шығу тексерісі бір-



Коллаж: Г. Әлешова

БАЙҚОҢЫР – қаржы әкелуге қауқарлы қала

Осыдан тура отыз жыл бұрын Ресей мен Қазақстан арасында келісім орнады. Оның негізінде көршіміз Байқоңырды 20 жылға жалға алған болатын. Кейін мерзімді ұзартып, қазынаға қаржы құйылғанымен, «жұлдызды қалашықтың» халқы әлеуметтік-экономикалық мәселенің шырмауында қалды. Оған қалашықтағы әкімшілік құзыреттің алуандығы, қаржыландыру мен аймақтық бөлініс кемшілігі себеп болғаны жасырын емес. Тіпті Байқоңырда көптеген әлеуметтік бағдарламаның жүзеге аспауының сыры да осында жатыр.



Фото: Аймақ Әрмекедені.

шама кедергі-тұғын. Жақын маңдағы ағайынның өзі қаладағы туысына бару үшін күні бұрын тіркелуге мәжбүр болғанын білеміз. Міне, осы мәселе өткен жылы шешім тапты. Атқарушы билік, әсіресе аймақ басшысының араласуымен Қазақстан азаматтарына Байқоңыр қаласына кіріп-шығу жеңілдеді.

Әрине, алмақтың да салмағы бар. Біздің тарап әлеуметтік міндеттенірттіріп, түрлі бағытта жобаларды жүзеге асыруды үдетті. Мәселен, бюджет есебінен инфрақұрылымды жаңғырту, білім беру нысандары мен тұрғын үй құрылысын жүргізу, «жөгілдір отынмен» қамту секілді маңызды қадам жалғасын тапты. Жат жерге жасалған жақсылық емес, өз жеріміз бен халқымызға көрсетілген көмек екенін ескерсек, қуантарлық өзгеріс.

Сөзіміз салмақты болуы үшін нақты дерекке көз салайық. Байқоңыр қаласының Бас жоспарына сәйкес биыл бес тұрғын үйдің құрылысы аяқталады. Бірінші тоқсанда сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін одан әрі жаңғырту басталмақ. Сондай-ақ әлеуметтік, оның ішінде білім беру және спорт нысандарын салу мәселесі нысықталуда. Мұнан бөлек, Байқоңыр қаласы жастарын қолдаудың 2022-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары аясында олардың білім алуы, табысты әлеуметтенуі үшін бірлескен жұмыс қолға алынған. Мәселен, былтыр «жұлдызды қалашықта» облыстық жастар слеті өтсе, байқоңырлықтар Қызылорда қаласына экскурсия жасап, мәдени-бұқаралық, спорттық және патриоттық іс-шараларға қатысты.

Жуырда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев отандық БАҚ-қа берген мәліметінде қай салада қолдау жасалатынын айтқан болатын. Аймақ басшысы Байқоңырда туризм әлеуетін пайдалану ісі жанданатынын да жеткізген.

– Қалада инфрақұрылым тозған. Сол үшін Үкіметпен бірлесіп, кәріз жүйесін жаңартып жатырмыз. Туристер көп келеді. Соларға жағдай жасау мақсатында инвесторларды апарып, қонақүй салудамыз. Қала әкімшілігімен бірлесіп жұмыс істейміз. Ол 2-3 айда маған келіп, қаладағы жағдайды баяндайды. Өзім де барып тұрамын, – деді облыс әкімі.

Расында, соңғы жылдары қаладағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы айтарлықтай қар-

қын алды. Мәселен, Байқоңыр қаласында 30 жылда алғаш рет мемлекеттік бағдарлама аясында тұрғын үй салынды. «Нұрлы жер» жобасы арқылы бой көтерген 5 тұрғын үйге қала тұрғындары, Қазақстан азаматтары қоныстанған еді. Игі іс жалғасын тауып, 2021 жылдан бастап Байқоңыр қаласының 7 «А» мөлтек ауданында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында елу пәтерлі 5 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 3,7 млрд теңге.

Жалпы қазір Байқоңыр қаласында 351 көпқабатты үй бар. Соғардың 70 пайызын тозығы жеткен. Олай болмай қайтсын, алды пайдалануға берілгеніне 70 жылға жуықтаған. Апатты үйлердің көбеюіне де осы фактор әсер етуде. Сондықтан жаңа үйдің бой көтеруі қаланың келешегіне жасалған тиімді инвестицияға айналар сөзсіз.

Байқоңырдың жанды жері – коммуналдық мәселе. Еларалық келісімге сәйкес, коммуналдық желілер облыс меншігіне алынған. «Байқоңыр қаласында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қайта құру және жаңғырту» жобасы жүзеге асырылуда. Алғашқы кезеңде 11,4 шақырым кәріз желісі қайта жаңартылса, 2024-2026 жылдары бұл бағыттағы жұмысқа 12 млрд теңге бөлу көзделген.

Бұдан бөлек, өткен жылы облыс әкімінің тапсырмасымен қаладағы тұрғын үй қоры мен инфрақұрылым жүйелеріне тексеру жүргізілген. Арнайы жұмыс тобы Байқоңыр қаласы әкімшілігімен бірлесіп, инфрақұрылым жүйелерін жетілдірудің тетіктерін қарастырған.

Мәселен, «Байқоңыр» кешені газбен жабдықтау туралы келісімге сәйкес барлық көпөтерлі тұрғын үйді газдандыру жүргізілген. Бұл өз кезегінде табиғи газдың қолданыстағы тарифін 16 есеге төмендетіп, облыс көрсеткішімен теңестірді. Қаланың газбен жабдықтаушы ұйымы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ бөлімі табиғи газ тарифін халық үшін – 16,3 тт/м³, көсіпорын үшін 18,3 тт/м³ көлемінде бекіткен.

Қаланың жылу-электр станциясы қымбат мазутпен жұмыс істейді. Бұл тарифтерге қатты әсер етеді. Қазіргі уақытта Байқоңыр қаласының әкімшілігі «Байқоңыр энерджи» ӨЭБ МУК жылу-электр станциясын мазуттың негізгі отынынан табиғи газға

ауыстыру бойынша жұмыс жүргізуде. ЖЭС-ті газдандыру бойынша барлық жұмыстарды 2027 жылы аяқтау жоспарлануда. ЖЭС-ті табиғи газға ауыстыру қала мен ғарыш айлағы ЖЭС-те өндірілген арзан жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, өйткені ыстық су өндіру және табиғи газды пайдалану арқылы жылумен жабдықтау құны мазутты пайдаланудан әлдеқайда аз.

Қазақстан қаржы құйған саланың бірі – денсаулық сақтау бағыты. Мұнда 2016 жылдан бері жұмыс істейтін Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасы бар. Өткен жылы аурухана жанынан гемодиализ орталығы ашылды. Бүгінде медициналық нысанның материалдық-техникалық базасын жаңартуға қаржы бөлініп, жұмыс жүруде.

Білім беру бәсекесі

Байқоңыр қаласында 16 балабақша бар. Соның тек үшеуі қазақстандық білім стандартымен жұмыс істейді. Демек отандық жүйеде тәрбиелетін бөбекке аз деген сөз. Қала балабақшаларын толық реформалау әзірге мүмкін емес. Тек әлсіз әлсін жасалған қадамға иек артудан басқа амал жоқ. Қазақстан тарапы да мәселенің маңызын түсініп, бюджет есебінен бөбекжай салуды бастауда. Соның нәтижесін биыл да байқадық. Жыл басында «жұлдызды қалашықта» екі балабақша ашылып, ел игілігіне берілді. Ал жыл ортасына дейін тағы бір балабақша қазақстандық білім стандартына өтеді.

Қала 2 балабақшамен толықты. Оның біреуі 240 орынға арналған мемлекеттік балабақша болса, екіншісі – 120 орынға жоспарланған жеке балабақша. Жалпы Байқоңыр қаласында Ресей Федерациясының тарапында болған балабақшаларды қазір Қазақстан тарапына алып, отандық білім беру стандартына сәйкес оқытуға мүмкіншілік туып отыр. Бұл жұмыс әлі жалғасады. Осылайша, жыл соңына қарай мектепке дейінгі ұйымдардағы кезек мәселесі шешімін таппақ.

Байқоңырлықтардың сөзінше, Ресей тарапы инфрақұрылым, нысандарды жаңарту ісіне салғырт. Мысалы, Ресей меншігі болған балабақшалардың жағдайы нашар. Тек Қазақстан мен-

шігіне алғасын оларды күрделі жөндеуден өткізіп, қазақтілді балабақшаларды ашуды жандандырады. Бүгінде мектептердің ахуалына да қатысты болып отыр.

– Мемлекет басшысының қолдауымен өңірде жалпы құны 98 млрд теңгені құрайтын 21 жайлы мектептің құрылысы басталды. Біреуін Байқоңырдан саламыз. Мектеп қазақ тілінде білім беретін болады. Ол қалада азаматтарымыз көп. Қазір 600 балаға арналған қазақтілді мектеп саны ғана емес, ЖОО-ға талаптары, қосымша білім жүйесі көп септігін тигізуде. Мысалы, «Қазақстан тарихы» – ҰБТ-да міндетті пән. Осыны есепке алып, Байқоңыр қаласында орналасқан РФ орта мектептерінде «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша факультативтік сабақтар ұйымдастыру туралы келісімге қол жеткен болатын. Қазіргі таңда М.Янгель атындағы №7 орта мектепте осы пәндер факультеті ретінде оқытылуда. Басқа мектептерге аталған пәндерді оқыту бойынша облыстық білім басқармасы жұмыс жүргізуде.

ЖОО-ға түсу талабын айтып қалдық, өткен жылдың сәуір айында Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев облысқа жұмыс сапарымен келген болатын. Байқоңырдағы түлектердің әлеуетін, халықтың өтінші-тілегін ескерген министр жүйелі жоба жүзеге асатынын айтқан. Нәтижесінде «Қызылорда облысы Байқоңыр қаласының 2023-2026 жылдарға арналған білім беру жүйесін дамыту бойынша жол картасы» бекітіліп, 30-ға жуық іс-шара жоспарланған. Мұның барлығы оқушылардың қазақстандық ЖОО түсуін ынталандыратыны анық. Олай дейтініміз, Байқо-

ңырда ресейлік ЖОО филиалдары бар. Түлектердің көбі алысқа аттанбай, сол жақта білім алуы қалайды. Бүгінде Мәскеу авиация институтының филиалы, Челомей халықаралық ғарыш мектеп-лицейі жұмыс істеп тұр. Білім бәсекесін қыздыратын себептің бірі де осыдан шығады.

Қазақшаланған қала

Бірнеше ай бұрын әлеуметтік желіде Байқоңырға қатысты жағымды жаңалық тарайды. Мәліметте қаладағы бірқатар көшеге қазақша атау берілгені сүйіншіленіпті. Кейін ақпаратты ресми органдар растап, бұл шешімге Байқоңыр қалалық әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин қол қойғанын айтқан болатын.

Осылайша Авиационный көшесі данқты әскери қолбасшы, жазушы Бауыржан Момышұлы, Гостиничный проезд көшесі Кенес Одағаның батыры Әлия Молдағұлова, Внутриварталийный проезд көшесі Кенес Одағаның батыры Мәншүк Мәметованың атымен аталады. Сондай-ақ аталған шаһардағы Набережная көшесі Қорқыт ата атындағы жағалау болып өзгерді.

Мұндай игілікті шара бұдан бұрын да жүзеге асқан еді. Атап айтқанда, қазірге дейін қала тұрғындары Абай даңғылы, Жанқожа батыр көшесімен қауышты. Оған қоса тағы бір көше аты Ұлы Отан соғысының ардагері Қалмырза Жармановтың құрметіне қойылған болатын.

Байқоңырда қазақшалау тенденциясы жалғасын тауыпты. Байқоңыр қаласы көшелеріндегі көрнекі құралдар, жарнамалық және хабарламалық билбордтар қазақшаланбақ. Бұл да – үкіметаралық комиссияда шешілген мәселенің бірі. Сондай-ақ Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік мерекелері де кең көлемде тойлануға көшкен.

Байқоңырдағы көше атауы мен жарнамалардың қазақшалануы маңызды. Себебі, мұндай қадам Отанымыз Қазақстан екенін, осы мемлекеттің азаматы екенімізді сезіндіреді. Кейінгі ұрпаққа да рух беріп, алға сеніммен қаруына көмектеседі деп ойлаймын. Жаңалықты естігенде көршілер де сүйінші сұрап, бір жасап қалғанымызды қалай жасырайық?! – деді Байқоңыр қаласының тұрғыны Әлі Берікұлы.

Туризм әлеуеті

Байқоңырды ғарыш, туризмсіз елестету мүмкін емес. Бұл – имидж ғана емес, табыс көзі. Сондықтан қаланың тыныс-тіршілігін насихаттау, туризм әлеуетін әсептеу әлі де көмекке мұқтаж. Осы мақсатта өткен жылы қалада «Қызылорда» телеарнасының корреспонденттік пунктін ашылды. Ендігі кезекте Байқоңыр қаласындағы маңызды оқиғалар мен өткізіліп жатқан іс-шаралар облыс көлемінде насихаттала беріледі.

Облыс әкімі мен Байқоңыр қаласы әкімшілігі басшысы «Байқоңыр қаласының жастарын қолдау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын» бекітті. Кешенді жоспар аясында жыл көлемінде бірлескен мәдени-көпшілік, спорттық шаралар өткізіледі. Тұрақты түрде облыс жастарын зымыран ұшырылымына және ғарыш айлағына экскурсияға әкелу, Байқоңыр қаласы жастарын Қызылорда қаласына экскурсияға апару және тәжірибе алмасу бойынша ауқымды шаралар жүргізілуде.

Жалпы Байқоңырда туризм әлеуеті жоғары. Мысалы, мұнда тұңғыш ғарышкерге арналған ескерткіш және «Байқоңыр» ғарыш айлағы ұйымдастырушылардың бірі Сергей Королевке арналған экспозиция, ғарыш айлағы тарихы музейі бар. Осының бәрі дұрыс пайдаланылса, турист тартудың тиімді әдісіне айналары анық. Ғарыш айлағы тарихы музейінде 15 мыңнан астам экспонат жинақталған. Мұнда космонавтының тарихы және осы саланы құрған, «Байқоңырды» ғарыштық бағдарламаларды әзірлеуге қатысқан адамдар туралы көп мәлімет білуге болады.

Рас, мұндай турлардың бағасы кейде тым қымбат сияқты көрінсе де, жыл сайын келетін туристер саны ғарыш айлағына деген қызығушылықтың жоғары екенін көрсетеді. Әсіресе, Халықаралық ғарыш айлағына экспедициялар жөнелтілетін күндері қалада қонақ саны артады. Кафелер мен мейрамханалар, қонақүйлер лық толы екенін байқаймыз.

P.S. Қала келешегі үшін жасалған жұмыстың бір парасын айттық. Алда атқарылар шаруа құруар. Тек жүйелі жағасын тауып, керекті бағытқа жол сілтенсе болғаны. Оның үстіне, туризм көрсеткішін көтеруге қол жетсе, шығынымыз анағұрлым азаяры анық. Демек, Байқоңыр – қаржы әкелуге қауқарлы қала.

Ерсін ШАМШАДИН,
«Сыр бойы»

Қоғам мен мемлекеттегі алуан түрлі жайттарды қамтитын Әбу Насыр Әл Фараби мұрасы ең алдымен адамзатқа арналған. Өйткені ол саналы ғұмырында қалың жұртшылыққа қызмет етуге атсалысты. Еңбектерін жекелеген тұлғаға, адамның игілігіне, елге, жерге, күллі әлем мен ғаламға арнап, көпшілік ортада қызу талас-тартысқа түскен немесе қордаланған мәселелерді шешуге ұмтылды. Сондықтан да болар ғылыми ізденістері әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпай келеді.

Бізге жеткен ғалым мұрасы философия, музыка, математика, логика, астрономия, филология және жаратылыстану ғылымдарының сан салаларын қамтиды. Оз заманында айтқан әрбір ойы немесе келтірген пікірі, талдаған сараптаулары қазіргі қоғам дамуының кейбір қордаланған мәселелеріне дәл тиіп жатады. Уақыт оза да, ортайған емес, қайта жылдар өткен сайын толысып келеді. Бұл оның еңбектерінің қайнар бастауы гуманизмде жатқанын аңғартады.

Қандайда бір халықтың өткенін таразылап, болашағына бағдар жасап, отыруы – табиғи заңдылық. Тарихи тұлғалардың рухани құндылықтарын зерттеу-насихаттау – біз үшін парыз. Шығыстың ұлы ойшылының рухани мұрасы әлемдік ғылым мен өркениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Қазақстандық фарабитанушылардың айтуы бойынша Әл Фараби мұрасының маңыздылығы оның философия, әлеуметтану, логика, этика, эстетика, жаратылыстану ғылым салаларындағы орны тек Шығыстың ғана емес, сонымен қатар, Ортағасыр және Қайта өрлеу дәуірі кезіндегі Батыс халықтарының ғылыми-философиялық ойларының кейінгі уақытта дамуына үлкен әсерін тигізгенмен айқындалады. Осылайша, оны білім мен ақиқатты іздеу жолында этникалық, мәдени, тілдік, діни белгілердің айырмашылықтарын және әлем адамы ретінде қарастырау болады. Ғалым өзі өмір сүрген қоғамдағы мемлекеттің басқаруына ықпал ету әрекеті негізінде мемлекеттің басқару теорияларына өзгерістер керек екенін өзінің «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында жан-жақты талдайды.

«Кез келген мемлекеттің өмір сүру жолындағы қол жеткізетін жетістіктері немесе оны артқа тартатын жағдайлардың орын алуы оны басқаратын билеушісіне байланысты. Мемлекетті басқару кез келген адамның қолынан келмейді, сол себептен де оған тек мынаған ызып шыққан, халқының қамын ойлайтын адамдар ғана сайлана алады.

Ондай адам мемлекетті басқару үшін екі шарт орындалуы қажет. Біріншісі, ол қаланы басқаруға дайын болуы керек. Екіншісі, басқаруға мүмкіндіктері мен жағдайы келуі керек. Оның өнері де басқалардың өнерінен жоғары тұруы керек. Өнер ештеңе үшін қызмет етпейді не басқалар оны қолданатын өнер түрі де емес дейді. Ол – оған басқа өнердің барлығы бағынатын өнер, оның баса өнер қызмет жа-сайтын өнер болуы керек» деп тұжырымдайды. Мемлекет басшысы осы өнерді біле тұра, өзі ең жетілген, бақытқа жетудің барлық жолдарын білетін адам болып саналады. Мемлекетті басқарудағы билеушісінің жүргізген саясаты қоғамның өміріне, халқының тұрмысына бірден тікелей әсерін тигізетіні анық. Әл Фараби философиясында осы мемлекетті басқаруға, оның құрылымына баса мән беріледі, яғни, билеуші қандай болса, оның соңынан ерген халқы да сол ізбен жүреді. Мемлекетті басқару билеушіден көптеген қасиеттерге ие болуы талап етеді. Жіберілген қателіктер мен кемшіліктерге кешірім болмайды, оның салдары халық үшін өте ауыр тиеді. Сол себепті, билеуші ізін аңдап басып, көрегенділік таныта білуі тиіс.

Әл Фарабинің қоғамдық-саяси көзқарастарында мемлекетті адамзаттық қоғамды дұрыс басқара алатындай жоғары даналыққа ие көшбасшысы бар бір топ адам басқаруы тиіс деген ұғым негізгі орын алады.

Ойшылдың саяси философиясының қалыптасқанына көп уақыт өтті, бірақ оның ойлары және саяси әлеуметтік философиясы көпшілік жағдайда өзінің құндылығын сақтады, қазіргі қоғам үшін маңыздылығы бар. Бірақ тар трактаттары қоғамдық өмір туралы оқуға арналған («Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің афоризмдері», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жөніндегі кітап», «Бақытқа жол сілтеу» және басқа шағын трактаттары).

Грек философтарының, ең алдымен Платон мен Аристотельдің этикалық және саяси ойларына сүйене және ежелгі Шығыстың әлеуметтік ойларын қолдана отырып, мемлекеттік құрылымның үйлесімді теориясын жасады. Оның ойынша, қайырымды қалалардың билік басында бір мезгілде діни қауымның жетекші ролін де атқаратын философ-басқарушылар болады. Қайырымды қалаларда барлық



Фотос: Аманжол Дегенбайұлы

тұрғындар шынайы бақытқа жетуге талпынады, жақсылық пен әділдік үстемдік етеді, әділетсіздік және зұлымдық айыпталды. Қайырымды қалаларға шынайы бақыт жөнінде бейхабар және оған талпынбайтын, керісінше тән саулығына, ләззат алуға және байлыққа ғана көңіл бөлетін басқарушылары және тұрғындары бар қайырымсыз қалаларды қарсы қояды.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жөніндегі трактат» – әл Фарабинің ең кемел туындыларының бірі. Бұл еңбек 948 жылы Мысырда дүниеге келді. Ол трактаттың басында философиялық «қайырымды қала» туралы оқуды баяндайды. «Адам іскерлігінің мақсаты – тек дұрыс танудың көмегі арқылы қол жеткізуге болатын бақыт» деп есептейді. Ойшыл қоғамды мемлекетпен теңестірді. Қоғам – адамдық мүше. «Қайырымды қала – тірі ағзаның өмірін сақтау үшін барлық мүшелері бір-біріне көмектесетін сау тән тарізіс». Фараби қайырымды қаланы оқуды платондық принциптер негізінде құрады, дегенмен оның оқу құрылымының неоплатондық және аристотельдік элементтерін бағалауға мүмкін емес. Өз уақытының барлық бірегей ойлары секілді, ғалымның саяси тұжырымдамалары исламдық халифаттың шынайы бейнесіне бағытталған араб мәдениетінің теориялық қағидаларына ұқсамады.

Бұл тұрғыда бір ерекшелікті атап өткен жөн, Фарабинің «Азаматтық саясаты» исламдық дүниені сезіну тұрғысындағы рақымшылық жөніндегі платондық ойларды түсіндіреді және дамытады, бірақ қоғамдық құрылысты әділеттілігін азаматтарды тәрбиелеумен байланыстырады. Бұл туралы былай дейді: «Әр адам өзінің табиғаты бойынша былай орналасқан, адам өзінің өмір сүруі, жоғары дамуға қол жеткізу үшін, жалғыз өзі қол жеткізе алмайтын көптеген заттарға және оның мұқтажындағы ескері отырып қандай да бір затты бере алатын адамдар тобынан кейбір заттарға қажетсінеді».

Қайырымды қала дейді. Әл Фараби сау әрі мінсіз адам дегеніне ұқсас дейді. Себебі оның әрбір мүшесі денсаулықты сақтау үшін бір-біріне көмектесіп өмір сүреді. Бірақ адам денесіндегі органдар бір-бірінен табиғаты, атқаратын қызметіне байланысты айырмашылық жасайтыны секілді қала тұрғындары да өздерінің қызметі мен қоғамдағы орны бойынша айырмашылық жасайды дейді. Қалада бір басшы болады, ол өзінен бір саты төмендегілерден белгілі бір істің атқарылуын талап етеді, ал талап етілгендер өз кезегінде өздерінен кейінгілерден талап етеді, осылайша ең төменгі ешкімнен талап ете алмайтын сатылардағыларға да жетеді дейді.

Оның пікірінше, қоғамның ең жетілген формасы – қала. Қала деген терминді, әкімшілік территориялық бөлініс ретіндегі, осы заманғы ұғымдағы қаланы белгілеу үшін ғана емес, мемлекет-қаланы белгілеу үшін де, сондай-ақ феодализм қоғамда ең көп болған әртүрлі әлеуметтік топтарды белгілеу үшін де қолданады. Бұл туралы «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» еңбегінде тоқталып өтеді: «Ертедегі адамдар «қала» және «үй» деп тек қана мекенді түсінген емес, сондай-ақ адамдар тұратын баспананы және баспананы күтетін адамдарды да түсінген. Үй белгілі бір бөлшектерден және бірлестіктерден құралады, солардың арқасында көркейеді. Бұл саны жағынан төртеу, ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі; әке-шешесі мен баласы, мүлкі мен мүлік иесі». Қаланың саяси құрылымын ашып көрсетуде осындай аналогияны өте шебер пайдаланады. Оны адам организммен ұқсастыра отырып, терең мәнін тәе түсінікті тілде жеткізеді. Төң мүшелерінің иерархиясы мемлекеттің иерархиясына сәйкес келеді. Осындай аналогияны әлеуметтік-этикалық трактаттарының бірінде былай көрсетеді: «Қаланы да, үйді де адам тәнімен

теңеуге болады. Тән жоғарғы және төменгі қатарға жататын белгілі бір мүшелері әртүрлі мүшелерден құралады, олар бір-бірімен белгілі тәртіппен қабысып, әрқайсысы жеке бір қызмет атқарады, олардың әрекеттерінің бірі тәндегі максатқа жетуге бағытталған өзара көмек болып бірігеді».

Егер ел билеуші шынайы қайырымдылықтың жаршысы бола білсе, онда оның халықты басқарудағы басшылық қызметі де сан алуан жақсылық істерге толы болады. Дәл осындай игілікті мақсатты ойдағыдай жүзеге асыра білгенде ғана елбасының өзі де, оның қол астындағы әрбір адам да шексіз бақытқа кенеледі, ал мұндай жағдай нағыз бақыттың өзі болып саналады. Фарабинің өзінің зерттеу пәні ретінде мемлекетті белгілегені оның әлеуметтік-философиялық көзқарастарын қарастырағанда аңғарамыз. Сонымен, әл Фараби үшін қоғамдық құрылыстың мұраты – кемелденген мемлекеттік өмір, мемлекеттегі өмір мемлекеттің өзі.

Мемлекет – адамдардың бақытқа жету жолындағы өзара қарым-қатынастарының неғұрлым кемелденген көрінісінің формасы. «Осы пікірге сай қайырымды қала дегеніміз – тұрғындары бір-біріне соңғы кемелдікке, яғни жоғары бақытқа жету жолында көмектесетін қала».

Ал ел билеуші нағандықтың жолына түссе, ол міндетті түрде өзінің ойындағы арам пияғалдарын жүзеге асырудың жолдарын қарастыра бастайды. Сөйтіп, қызметінде билік пен мансап, тақпапшылық, байлық пен масайраушылық басты орынға шығады. Дәл осындай жолға түскен ел билеуші шын мәнісінде бақытты болмаса да, өзін тым бақытты сезінеді. Тікелей өзіне бағынышты адамдардың көмегі арқасында өз үстемдігін баянды етіп қана қоймай, одан әрі нығайта түсуге жанталасады. Алайда халқының қолын берекеге жеткізді деп есептегенімен де, шын мәнісінде бұл игі мақсат жүзеге аспаған күйінде қалып қояды. Мұндай пияғалдар әдетте, басқалармен салыстырғанда, өздерін ерекшесіз деп санайды.

Жаңылыстар мен қасиеттерге ұшыраған ел билеуші өзінің халықты басқарудағы қабілеті мен даналық қасиеттерінің жоғары екеніне шек те келтірмейді. Дәл осылай болмаса да, оның өзі де, одан қалды оның қол астындағылар да, осылай оялауға мәжбүр. Мұндай жағдайда ел билеушінің өзі де, оның елі де шынайы бақытқа қол жеткізбесе де, оны сезінгендей күй кешеді. Халықты басқарушы дәл осы сипаттағы жолдарының жалғандыққа негізделгеніне қарамастан, бағынышты халық оны көп жағдайда сезінбей де қалады. Сондықтан да болар, олар ел билеушінің бойында рақымшылық пен даналық қасиеттердің мол екеніне кәміл сенеді. Мұндай көзбояушылықты билеуші де, оның қарамағандықтар да жан дүниесімен нағыз бақытқа санайды. Сөйтіп, ел билеушіні қолдау арқылы оның көкейіндегі нағандық пен білімсіздіктен туындаған максаттарының кейбіреулерінің орындалуына жағдай да туғызады.

Бірінші басқарушы іс-әрекеттердің барлығын болмаса да, олардың денін нақты дәлелдеу мен шегіне жеткізу жүктеледі. Кей жағдайда дәлелденген қағидаларды тегіс жетілдірудің қажеттігі болмай қалады. Кейбір іс-әрекеттердің дәлелденіп немесе дәлелденбеуінің объективті себептері де болады. Олар төмендегідей: алғашқы жағдайда күтпеген жерден соғыстың басталуы кетуі немесе басқа шұғыл түрде қолға алуға тура келетін істердің туындауынан іс-әрекеттердің жиынтығын айқындау қажеттігі болмай қалады. Мұндай жағдайдың орын алуы елбасының өмірден өтіп кетуіне тікелей байланысты болады. Сонымен қатар мұндай істерді шешуіне мұрындық болатын белгілі бір қажеттілік туындап, өтініштер жасалғанда немесе кейбір мәселені шұғыл түрде шешу қажет болғанда ғана дайындайды. Сонда ғана ол қалыптасқан түрлі себеп-салдарлық байыбына бара

отырып өзінің іс-әрекетіне сай келетін заңдар шығарып, тәртіп орнатады. Елбасы шешетін келелі істер оның мемлекетті басқару кезеңінде және ол басқарған елде туындамауы да ғажап емес. Сондықтан сол елдегі өз уақытында шешілмеген кейбір келелі істердің елеусіз қалып та қоюы мүмкін, ал олар өз кезегінде қалыптасқан жағдайға байланысты өз шешімін күтпей сөзсіз. Міне, сонда елбасы қажетті мемлекеттік істерге байланысты заңдар шығарудың орнына, сол істерді нақты тұрғыдан шешудің жолдарын қарастыруда өз білімділігі мен ақыл-ойына арқа сүйейді. Нәтижесінде алғашқы елбасының орнына келер ізбасарларының түпкілікті мәселелерді шешудегі қадамына даңғыл жол ашылады. Ең бастысы, жарық көрген заңдар атқарылатын істерді, белгіленген максатқа сай шешімі қалған мәселелерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ал шешімі қалғандарын жүзеге асыру болашақ елбасының үлесіне тиеді. Өз кезегінде жана басшы зерттелі болса, өз қызметінде бағдарламасын жасап, түрлі заңдар шығарады және оларды қала халқының игілігіне айналдырады. Өзінің қоғамдық істерін тыңғылықты ұйымдастырады, қажетті заңдар шығарады және болашақта жүзеге асар ауқымды мәселелерге де ерекше назар аударады. Өйткені, ол өз орнын басқа адам атқарылар істерді ойдағыдай атқарғыра алады деген сенімінің жетегінде болады.

Ізгілікті қаланың әміршісі халықтар ынтымақтастығын ойдағыдай жүзеге асырып, олардың арасындағы қарым-қатынасты нығайтуда жан дүниесінде қалыптастырылған ізгілікті органдармен, қабілетпен ғана шектеліп қалмауы керек. Ол ізгілік пен игіліктің жан дүниесінде бұрыннан-ақ орныққан ескере отырып, басқа да толып жатқан адамгершілік қасиеттерге жол ашып береді.

Әл Фарабинің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында: Адам толығымен дамып жетуі үшін ол көптеген нәрселерге тәуелді. Себебі ол барлық өзіне қажетті жалғыз өзі жасай алмайды әрі қол жеткізе алмайды. Сондықтан адам өзінен басқа адамдардың қоғамдастығында өмір сүруі керек және сонда ғана ол толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады. Бірақ ол басқа адамдарға қатысты да қоғамдастықтың құрылымы болып табылады және басқалардың жоғын тауып беруші болып келеді дейді. Осылайша қоғамдастықтың әрбір мүшесінің іс-әрекеті оның әрбір мүшесіне қажетті нәрселердің барлығын тауып береді дейді. Жалпы адам көптеген нәрселерге тәуелді. Себебі ол барлық өзіне қажетті қажеттіліктерін өзі жүзеге асыра алмайды. Толық қоғамдастықтың өзін үш түрге бөледі: үлкен, орта және кіші. Үлкен қоғамдастық деп ол бүкіл жерді мекендеуші барлық адамдардың жалпы қоғамдастығы деп көрсетеді. Ал орташа қоғамдастық дегеніміз белгілі бір халық ретіндегі қоғам дейді, кіші қоғамдастықты ол белгілі бір қала ретінде көрсетеді.

Толық емес қоғамдастыққа келсек, Фараби оларды төртке бөліп көрсеткен. Олар – квартал, көше, үй және ауыл. Соңғысы қала құрамына кірмегенімен, қалаға қызмет көрсетуші толық емес қоғам. Жоғары деңгейдегі дамып өмір сүретін адам ең игілікке ие адам ең кіші дегенде қалада ғана қол жеткізе алады деп көрсетілді. Кез келген нәрсеге шын көңіл білдіріп, шынайы тандау жасап талаптанба жетуге болатындықтан, кез келген қалада бақытқа қол жеткізуге болады. Әрбір тұрғыны бақытқа жету жолында бір-біріне көмектесетін қала қайырымды қала деп түсіндіріледі және сол секілді қала қайырымды қоғам, қайырымды халық та болады.

Ұлы ойшыл саяси ілім – қайырымды басқару, оны ұйымдастырудың тәсілдері мен қала тұрғындарына қайырымдылық пен игіліктің қалай келетінін, оған қандай жолмен жетуге болатынын үйретеді деді. «Адамдар бақытты болуы үшін бір-біріне көмектесіп отыру мақсатымен бірлескен қала

– ізгі қала. Халқы бақытқа жету үшін өзара көмектесіп отырған қоғам да ізгі қоғам болады. Қалалардың бәрі бақытқа жету жолында бір-бірі көмектесіп тұратын халық – ізгі халық. Сол сияқты халықтардың бәрі бақытқа ұмтылып, бір-бірі көмектесіп отырса, бүкіл жер жүзі ізгі болар еді» делі Әл Фараби. Ол қала тұрғындарының бақытты өмірге қол жеткізуі жоғары, қайырымды билік өнеріне де тікелей қатысты деп ой түйеді. Қайырымды қала билеушілері өз жұрты, тұрғындары үшін қызмет етеді. Тұрғындарының ғана мүмкіндігі, құқығы бар «бақыт – дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені». Сондықтан қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатыны айтылады. Ғұлама қайырымды қалалармен бірге нағанд, бұзылған, сараң, қайырымсыз қалалардың болатынын ескертті. Сонымен қатар, «қайырымды қала» тұрғындары пайдаланатын игіліктерге ғылым негіздерін меңгеру, әділдікке ұмтылу, әртүрлі әлеуметтік топтардың бір-бірімен тату өмір сүруін, т.б. жатқызады. Әл Фарабинің ойынша, адам – өз өмірінің қожасы, сондықтан ол өз бақытын өзі жасауы және қиындықтардан қашпауы керек.

Азаматтық ғылымның міндеттеріне нағыз бақытқа жеткізетін қайырымдылық қимылдары мен адамгершілік қимылдар жатады. Саяси ұйым басшының міндеті – осындай адамгершілік қимыл мен оның сақталуын қамтамасыз ету. Бұл міндеттің орындалуы басында мемлекетті басқаруы, сонымен бірге басқару өнерінің білімділігін талап етеді.

Басқарудың екі типі болады: I. Нағыз бақытқа жеткізетін моральдық белгілермен, өмірдің әділдігімен орнатуға бағытталған; мұндай басқарудағы мемлекет қайырымды мемлекет және мұндай басқарудағы қала да, оның халқы да қайырымды болады; II. Басқару бойынша білімі жағынан төмендеу мемлекет болады; бұл мемлекеттің қала тұрғындары да мәдениетсіз, білімсіз болады.

Фараби қоғам мен индивид гармониясының идеясын дамыта отырып, мынадай қорытынды жасады: мемлекетке адам пайда келтіргенде ғана күшті, дамыған мемлекет болады. Үлгілі мемлекет қандай болуы керек? Ондай мемлекет жетілдірілген, дамыған иерархиялық құрылыстығы мемлекет болуы керек. Мұндай мемлекетте әрбір адам бір өнермен шұғылдануы керек немесе өнерді болашақ басшысы сол өнерді игеруі керек. Фараби Платон сияқты өзінің идеалдық мемлекетінде адамдарды қауымға байланысты, қасиеттік белгісіне қарай бөлді. Жоғары қауымды бақытты адамдар құрады, яғни философтар дейді. Басқа адамға бақытқа жететін жолды көрсете алады, яғни, қаланың басшысы ретінде қоғамға керек. Мемлекет бақытқа кенелетін екінің қауым – дін қызметкерлері, шешендер, ақын-музыканттар, хат шеберлері, өлшегіштер. Үшінші қауымды Фараби өлшегіштер деп атады. Оларға математиктер, геометриктер, дәрігер, астрономдар жатты. Төртінші әскери адамдар, бесінші қаланы байлыққа кенелтетін байлар деп атап көрсетті.

Мұндай идеялық мемлекетте адамның қоғамдық жағдайы байлығына емес, біліміне байланысты болады. Осы пікір арқылы Фараби ақша ауқатты қаланың басты шарғы дегендерді айыптады. Платонның идеалды мемлекетінде азаматтардың қызметтері бөлінді, философтар мемлекетті басқарса, әскерлер оны қорғады, жер өңдеушілер, колонершілер тұтыну өнімдерін шығарады. Бірақ Платонның міндеттер мен құқықтарды бөлуі мемлекетке қасталық бөлісті жандандырады. Фараби туганнан бақытты деген идеяны жақтады. Платон бойынша философтардың білімі философтардың қауымы үшін керек, колонершілердің білімі колонершілер қауымы үшін керек деді. Сондықтан бұл платондық болуы үшін бір-біріне көмектесіп отыру мақсатымен бірлескен қала

қозғалыс та жоқ, мемлекеттің игілігі үшін ешқашан бұзылмақ емес. Бұған қарама-қарсы Фараби білімі тәрбиеге, сыртқы жағдайға байланысты беріледі деді.

«Әр адам өзінің табиғаты өзінің өмір сүруі және жетістіктерге жетуі үшін көптеген қажеттіліктерді зәру етеді, оған өзінің күші, жағдайы жетпейді, ал өзінің мұқтажылығын өтеу үшін жұрттың бірлестігін, қоғамдастығының әрқайсысының әртүрлі көмектерін қажет етеді, бірлестіктің барлық мүшесінің қызметі әркімге өзінің өмір сүруі және жетістіктерге жетуі үшін барлық жағдайы жасайды» деп жазды Фараби.

Осындай негізде ойшыл адам қоғамы пайда болуының табиғи теориясын ұсынды. Тек басқа адамдармен қарым-қатынаста ғана, әлеуметтік топта ғана адам өмір сүруі мүмкін. Адамдардың бірігуінің себебі – олардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандырудағы мұқтажылығы.

Мемлекет туралы ілімінде Фараби мемлекеттің ішкі және сыртқы міндеттерін анықтап көрсетеді. Мемлекеттің сыртқы міндетіне қайырымды қала тұрғындарын, елді сыртқы жаудан қорғау, яғни қорғаныс ұйымдастыру талап етіледі. Соғысты ол әділетті, әділетсіз деп бөлді. Әділетті соғыс игілікті мақсаттарға жету үшін жүргізіледі және де онда қылмысты айыптау болады. Ал әділетсіз соғыс жеке басшылардың мүддесінен туындайды.

Мемлекеттің ішкі міндеті бұл тұрғындардың бақытқа жету жолын қарастырады: әділеттілік орнату, халыққа білім беру, тұрмыс туралы ілімге оқыту, оларды адамгершілікке тәрбиелеу, бақытқа жеткізетін әділетті тарту. Экономикалық мәселелер шектелетін мемлекет – ойшылдың есептеуінше мәдениетсіз мемлекет.

Фараби дін бақытқа жетудің құралы деп түсінді. «Әртүрлі қайырымды қалалар мен халықтар әртүрлі дін болуы мүмкін, бұлардың бәрі дінге сенім мақсатына жетуге ұмтылады».

Қошбасшы қандай болуы тиіс? Сонау заманнан бері бұл сұрақ белгілі философтарды толғандырып келді. Платон оны өтірікті жақтырмайтын және шындықты сүйетін, әділ, білімге ұмтылатын философ болуы керек деп санады, себебі әділетсіздікке орын жоқ және қоғамдық болмысқа енгізе алмайтын мінсіз, парасатты болмысы тек сол ғана қоруге қабілетті деп білді. Көне ойшыл тек осындай басқарушы тарих толқынын өзгерте алады және қоғамда бұндай адамның болуы әлі орындалмаған ояларға қол жеткізуді қамтамасыз ететіндігіне көндірі. Платонның пікірінше, бұндай басқарушы танымға қабілетті, жақсы естіе сақтау қабілетіне ие және ақиқатпен, әділдікпен, батылдықпен, даналықпен тіл табысады.

Әл Фараби қайырымды қала басшысы табиғатынан керемет түсініп және өз ойын, өзіне істің қалай болып жатқанын айтушы сөздерімен байланыстыра отырып, елестете білуі керек деп белгілейді. Бұл – әл Фарабинің пікірі бойынша кемелденген ақыл-ой құрылымы.

Философиялық мемлекеттік құрылым ілімі барлық уақытта адамдық қоғамның дамуында әрдайым өзекті болып келді және солай болып қала береді. Кез келген заманауи адам одан қоғам мен жеке адам дамуындағы өзін аялданатқан сұрақтарға жауап таба алады деп қорытындылауға болады.

Президентіміз Қ.Тоқаевтың ұстанып отырған негізгі саясаты – әділеті азаматтық қоғам құру.

Бүгінде Жаңа Қазақстан орнатудағы «әділеті қоғам құру идеясы» ұлттық идеялар түріндегі саяси бастамалар сөзсіз ұлы ойшылдың идеяларымен ұштастыры анық. Әділетті қоғам құру идеясы – барлық қазақстандықтарға арналған жолдау, бұны өз кезегінде әл Фараби де өз шығармашылығында қамтыған болатын. Әділетті қоғам идеясы Платонның ізгілікті мемлекет және әл Фарабинің қайырымды қала жөніндегі оқу жүйесіндегі оялардың қисынды жалғасы екенін толық сенімділікпен айтсақ болады.

Әл Фараби пікірінше, бақытқа қол жеткізу үшін қайырымды қала тұрғындары екі өмірде де бақытты болуға мүмкіндік беретін тәртіптілікке және имандылыққа талпынуы тиіс. Басқа сөзбен айтсақ, бұл қайырымды қала тұрғындарының бірлігі мен жақындастығын білдіреді. Дәл осыны «Әділеті қоғам» құруға қатысты да айтуға болады. Біздің еліміз бен мемлекетіміздің болашағы Қазақстанның әр тұрғынының, оның өзине, отбасына және өз еліне қатынасына байланысты. Әділетті ел болу – ең алдымен жалпықазақстандық үйдің ұлттық идеясы және біздің ұлы бабаларымыздың арманы.

Пірімбек СҮЛЕЙМЕНОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты, доцент,
әл Фараби атындағы
Қазак ұлттық университетінің оқытушысы

Азамат биігі

Қым-қуыт тірліктің сан тарау сүрлеуінде алас-күлес атқа мініп, арман аңсап, ағындап жүрдік. Талай жайсаң жанмен сыйлас та сырлас болдым. Шынымды айтсам, жүрегінің кірі жоқпен жуысып, айналаңды танып-білу де тәжірибе екен. Арқасы қорған қанша азамат ардақтады, ізеті көркем қанша іні ізімізді басты. Бәрі басың жерге жеткенше сыйласып өтуден артық тірлік жоғын ұқтырды. Солардың ішінде Бердібек Машбекұлының көрсеткен тәлімі, жүрген жолы жадында ерекше сақталды. Орайы келгенде тұлғаман түйіскен тағдырдан үзік сыр бөлісейін.



Бердібек Машбекұлы Жамбыл облысын 2022 жылдың сәуіріне дейін басқарды. «Жақсының шарапаты жалпақ елге жетеді» дегендей, жемісті еңбек еткен екі жылда елмен бірге

болғанын көрдік. Алдымен Асқар Мұрзахметов бастаған іргелі істің аяқсыз қалмауын қадағалап, кейін аймақтың экономикалық-әлеуметтік әлеуетін арттыратын біршама жо-

баны қолға алды. Азаматтың қамқорлығымен Қордай, Байзақ аудандары танымастай өзгерді. Қаншама ауылға ауысу жүргізіліп, жол жөнделіп, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй бой көтерді. Нәтижесінде халықтың әл-ауқатын, тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік туды. Бердібек Машбекұлы басқарған жылдары Жамбыл облысының экономикалық көрсеткіші алдыңғы қатардан төмендемегені сөзімізге дәлел бола алады.

Халық үніне құлақ асқаны болар, қашан барсақ жайымызды сұрап, елдегі мәселені білуге ұмтылатын. Бір жылы Шығай ауылына салынуы тиіс орта мектептің құрылысы әлі басталмағанын айтқаным бар. Арда азамат сөзге келместен іске кірісіп, құрылыс басталуына түрткі болды. Міне, өткен жылы қыркүйек айында сол Шоқай мектебінің ашылуына қатыстық.

Одан өзге пандемия кезінде тұрғындардың қауіпсіздігін

қамтамасыз ету, медициналық көмекті дер кезінде алуын бақылауды тоқтатқан емес. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде белгілі ғалым Күнсулу Закариямен бірлесіп, еліміздегі алғашқы «QazVac» вакцинасын халыққа жеткізуге атсалысты. Отарда вакцина шығаратын «БиоФарм» зауытын іске қосты.

Істің орайын келтіре алған басшы қай жерді болсын көркейтері сөзсіз. Қаржы жоқ екен деп қарап отырмай, қолда бармен қарекет қылу Бердібек Машбекұлының халық сүйген қасиеті еді. Олай дейтінміз, өзі бастаған «Асарлатып үй салу» жобасы талай қамқөңіл жаңға қуаныш сыйлады. Басшылық жасаған екі жылда тұрмысы төмен 233 отбасы баспаналы болды. Тиісті азаматтарға әлеуметтік көмектің жетуін, қайырымдылықтың қамқандарға қолдау болуын қадағалағаны да қайраты мен кең жүрегінен хабар берсе керек.

Тұлғаның тағы бір қыры – рухани құндылықты ұлықтауы. Абзал азамат тек іскерлік емес, еңбеккер, мемлекетшіл қырынан да көріне білді. Жылында басымыз қосылса, ол кісінің ата-анаға құрмет, Отанды сүю, адал да әділетті Қазақстанды құру туралы келелі әңгімесі қанат бітіретін.

Қасиетті қантарда да қайраткердің қасиетін, мінезін, табандылығын байқадық. Қа-

уіптен ықпай, қатерден бас тасаламай, елдің жайын білуге ұмтылды. Кейін жағдай бақылауға алынған сәтте де халқына қамқор болды. Мысалы, Бердібек Машбекұлының көмегімен тергеу изоляторында қамауда отырған көмектегі толмаған 7 жасөспірім үйіне оралды. Сондай-ақ 2 айдан ішінде қираған, өртенген нысандар қалпына келтіріліп, халықтың алаңын сейілтті.

Қажырлы қайраткердің адамгершілігі, қарапайымдылығы мен табандылығы туралы естелік жетерлік. Бірақ нағыз бағаны халық бергенін ұмытпаған жөн. Бердібек Машбекұлы қызметінен босап, ертеңіне Тараз әуежайынан Астанаға шығарып салған сәтте халық қарасы қалың болды. Жұрт батасын жаудырып, елге еткен қызметтің еленгеніне куә болғанымыз бар.

Бердібек Машбекұлы – еселеңбегі, абыройлы қызметі арқылы ел дамуына үлес қоса білген тұлға. Бедел мен мәртебенің ақшаға сатып алынбайтын құндылық екенін дәлелдегені де – өз алдына өнегелі есiet. Сондықтан азаматтың қадір-қасиетін, таным биігін келешекке жеткізу өте маңызды қадам екені айқын.

Қасымхан ТӨЛЕНДИЕВ,
Жамбыл облысының
Құрметті азаматы,
«Құрмет», «Құрмет»
ордендерінің иегері

ҚАРУДЫ ҚАЛАМҒА АУЫСТЫРҒАН

Өмір – Алланың адамға бір-ақ рет беретін қымбат сыйы, жарық сәулесі әрі сынағы. Сондықтан адамгершілік қасиетті жоғары ұстап, төзімділік, табандылық таныту керек дейтін көнекөз қариялар. Өмір ағыны асау өзен сияқты жойқын, күшті толқындарға қарсы тұра алмасаң жағаға шығарып тастайды, қарсы жүзуге мүмкіндік бермейді. Кейде жұмсақ, кейде қатал болып кездесетін қиыншылықтарды, кедергілерді ақыл-оймен, сабырмен жеңіп, өмірдің әрбір сәтін мәнді де сәнді өткізе білу керек.



Бүгінгі мақалама арқау болған Қазыбек Әшірбекұлы ағамыз сонау 1946 жылы бұрын Теренөзек ауданына, бүгінде Қызылорда қаласына қарайтын «Қараөзек» ауылында дүниеге келген. Бұл екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталып, еңбектеген бабадан еңкейген қартқа дейін тапқан-таянғанын соғыс үшін, жеңіс үшін жұмсаған мемлекеттің күйзеліп, ел жағдайының күрт нашарлап кеткен кезі еді. Соғыстан кейінгі жылдар ауыл шаруашылығы үшін өте ауыр болды. Жұмысшы күші жетіспейді, техниканың көп бөлігі істен шыққан, жер өңдеу нашар дамыған.

Қазыбек аға сол ауылдағы №39 «Қызылөзек» орта мектебін аяқтағаннан кейін, 1965-1968 жылдар аралығында азаматтық әскери борышын Түркіменстанның Мары қаласында өтеп, елге оралды. 1968 жылы Қызылорда облыстық ішкі істер басқармасының шаруашылық бөліміне жүргізуші-қызметкер болып қабылданды. Онан әрі басқарманың мемлекеттік автомобиль инспекциясы бөлімінің дивизион жол бақылау инспекторы, анықтаушы, аға инспекторы, дивизион командирінің саяси іс жөніндегі орынбасары, басқарманың кадр бөлімінің инспекторы, аға инспекторы лауазымдарын абыроймен атқарды.

Екеуіміздің таныстығымыз 80-жылдардың ортасында басталған. Туымы, жүріс-тұрысы, мінезі белек, аяғында жылтыраған былғары етігі, үстіне тап-тұйнақтай, құйып қойғандай, өзіне жарасымды милиция формасы. Қатал сияқты көрінгенмен, кейін мінезі жұмсақ, асықпай ойлап сөйлесітін қараторы офицерді жедел мәжілісте кездескенде есімде сақтап қалдым. Кейін оны тағы да басқармадағы саяси оқу сабағы кезінде көрдім, өте сауатты дәріс оқып, саяси сауаттылығымен таңғалдырды.

Жақынырақ танысып, басында «жолдас капитан», «жолдас майор» деп амандасатын едік, кейін Қазыбек аға, Қазекеге көштік. БАҚ-пен тығыз байланыс орнатып, мақалалар жа-

риялап тұрады. Ағамыз қылмыс ашуда, құқықбұзушылықтарды анықтауда да көзге түскен. Бірақ ол туралы айтуды ұнатпайды. Тек кезінде жұртқа мәлім, қылмыс құрбаны болған азаматтың өмірін сақтап қалып, қарулы қылмыскерді құрықтағанын есіне түсіреді. Таптал түсте қала орталығында пышақпен қаруланған қаскөй қылмыскер бірнеше дүкенге шабуыл жасап, ақша, қымбат тон иеленіп, келесі бір дүкеннен тағы да ақша алмақ болады. Сатушыға шабуыл жасап, ақша талап етеді, оны қорғамақ болған азаматқа пышақ жұмсап, қашып бара жатқанда Қазыбек ағамыз жауынгерлік самбо әдісін қолданып, қылмыскерді ұстап, қалалық ішкі істер бөліміне жеткізеді.

Ол милицияның күндіз-түні уақытпен санаспайтын ауыр қызметін атқарып қана қоймай шығармашылықпен ұштастырды. Тапанша мен алағаяқ ұстаған әріптестерінен, қаруластарынан айырмашылығы қалам мен қойын дәптер де алып жүрді. Арасында шабыт, ұшқыр ой келген кезде немесе күнделікті қызметте бір кездейсоқ оқиға туындағанда бірден қаламын іске қосатын.

Қазыбек ағамыз 1991 жылдың қараша айында ішкі қызмет майоры шенімен зейнет демалысына шықты. Ішкі істер министрлігі арнайы бұйрығымен қызметтік кнімді кино құқығы берілген. Оның 23 жылдан аса милициядағы қызметі тиісті орындар тарапынан еленбей қалған жоқ. Министр бұйрығымен I, II, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «Милиция үздігі», Қазақстан полициясына-20, 25, 30 жыл медальдарымен, министрлік пен ішкі істер департаментінің, облыс әкімінің, Қызылорда қалалық мәслихатының Алғыс хаттарымен, Құрмет грамоталарымен, «Қызылорда облысына 70 жыл», «Қызылорда қаласына 200 жыл» төсбелгілерімен марапатталды. Полицей, өрт сөндіруші, көп-

қабатты үйдің терезесін жуушы мен балықшы әлемдегі ең қауіпті мамандықтар қатарына жатады. Құқық қорғау органдарының бір саласы болып есептелетін полиция қызметінің саласы сан алуан. Басты міндеттері – азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау, қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу, тергеу салада әртүрлі мамандар қызмет атқарады. Бірақ шығармашылықпен айналысатын адамдар біріл-жарым. Шығармашылықтың ішінде сатираға ден қойған адам туралы естіген емеспін. Қазыбек ағамыз кез келген журналист, жазушы бара қоймайтын сатира жанрына бет бұрды. Оған ауыр жол болғандықтан оған кез келген қаламгер жақындай бермейтіні анық. Кенес заманында «Ара» журналында, кейде кейбір газеттерде жарияланып тұратын фельетон, эзп-сықақ, сындар қазір жоқтың қасы, мүлдем жарияланбайтын болды. Қару мен алағаяқты қаламға айырбастаған ағамыз «Сақшыдан шыққан сатирик» атанды.

Қызметте жүріп те, зейнетке шыққан соң да мақалалары жергілікті және республикалық БАҚ-та үнемі, үзбей жарияланып тұрды. «Ленин жолы» газетінде штаттан тыс тілші болды. Кейін республикалық «Егемен Қазақстан», «Айқын» газеттерінде, «Ара» журналында, облыстық «Сыр бойы», «Ақмешіт ақшамы», «Ақмешіт апталығы», «Халық», «Ұстаз мәртебесі», «Кәсіпкер келбеті» газеттері мен «Әлімсақ» журналында фельетон, эзп-оспақ, сын-сықақ тақырыптарына қалам тартып жүр. Ол туралы ішкі істер министрлігінің «Сақшы» газетінде «Ардагер» журналында мақалалар жарық көрді.

Қазыбек ағамыз – «Әлімсақ» журналында ақылдастар алқасының мүшесі. Шығармашылық

еңбегі де еленбей қалған жоқ. Ол Қазақстан Журналистер одағының дипломымен және оның жергілікті филиалының «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Ата басылым «Егемен Қазақстан» газеті тағайындаған жазушы-сатирик Балғабек Қыдырбекұлы атындағы жүлденің 2001, 2011 жылғы екі мәрте иегері болды. Ол ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожекевтің ұсынсымен Қазақстан сықақшылары «Найзагер» қауымдастығына мүше ретінде қабылданған. «Күлкі керуені», «Жебе», «Ұлт пен мұрт» эзп-оспақ, сын-сықақ дүниелері «Сырдария кітапханасы» 200 томдық жинағына енген. Ардагер ағамызды 75 жас толуына орай сол кездегі облыс әкімі қабылдап, оған лайықты құрмет көрсетті. Қазыбек Әшірбекұлының құқық қорғаушы ретінде абыройлы еңбек етіп қана қоймай, қаламгерлік қырынан халыққа танылғаны, өмірдің көлеңкесі мен күнгейін көкілігіне түйіп, кемшілікті қалам қуатымен қағаз бетінде сынап, көпшілікке ой тастағаны атап көрсетілді.

Ол кісі атак-данққа, шеншекпенге қызыққан жоқ, жағу үшін ешқандай бастықтың асты-үстіне түскен жоқ. Өзі ісіне шын берілген кісі, бірнеше толқын шәкірт тәрбиелеп шықты. Аса ауыр, қауіпті қызметті шығармашылықпен бірге алып жүрген ол ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлер ұйымының белсенді мүшесі, ұйымдастырушы, жастарға патриоттық тәрбие беріп, оларды берген анттына берік болуға шақырды.

Қазекемен сұхбаттасқанның өзі бір ғанибет. Қай кезде сұрасаң да көкейіндегі ойын жасырмайды. Нақышына келтіріп, асықпай, баппен қызықтырып, майын тамызып тұрып милиция қызметінің небір оқиғаларынан бастайды. Облыстық милиция басшылары әрі ұстаздары, ағалары, әріптестері болған полковниктер Алтекең Сағымбаев, Әнуар Имандиев, Мылтықбай Пейісов, Қаржаубай Жарғенов, Бердалы Ысқаков, Айтбай Қазбеков, Арыстан Аширов, Төлеш Әлиев, Бақыт Бекмамбетовпен бірге облыстағы қаламгерлер туралы ерінбей айтады. Шығармашылықтағы ұстаздары ретінде қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, қазақ тілінің көрнекті жазушысы Бейімбет Майлиннен бастап, кешегі Асқар Тоқмағамбетов, Шона Смаханұлы, Оспанхан Әубәкіровті атайды. Себебі, осы кісілердің шығармаларын оқып өсті, нәр алды.

«Егемен Қазақстан» газетінде «Көңілашар», «Сөз сойыл» айдарымен ондаған эзп-оспақ, сын-сықағы жарияланған. «Халық» газетінде «Даражан», «Әр-

кімнің несібесі – әр жерден», «Кім қалай алады?», «Нарықтағы нақыл сөз», «Өсекшіге өсиет», «Заманның басты жұмбағы», «Жар таңдауда жаңылма», «Танып ал», «Қазір бәрі ақылы», «Құлақ жайлы қысқа әңгіме», «Қысқа қайырым», «Қос қылықтылар» сияқты эзп-оспақ, сын-сықақ өлеңдері, нақылдарына орын берілген. Бұл – нағыз бүгінгі күнмен үндескен, уақытында жарияланып отырған сан алуан әзілді тақырыптар. Қазеке өзекті, сындары арқылы адамның жат қылықтары мен жақсы қасиеттері, уақыт талабы, нарық мәселелерін қозғаған. Осы газеттегі «Жиі неге жаңылып тұр?» өлеңінде Сыр елінің аяқастынан өзгеріп, тосын мінез танытатын шаңды ауа райына арнаса, «Жаратқанда жалбарыну» атты өлеңінде жалакор, паракор, жемқорлар мен бағаның көтеріліп, кемтар адамдарды қинайтыны туралы жыр-лаған.

Менде Қазбек ағам қызмет істеген милиция мен қазіргі полиция қызметкерлерін, халық алдындағы абыройын, олардың жұмыстарын салыстыруға мүмкіндік бар. Қазіргі әріптестерім ренжімес, кеңес ішкі істер органдарында он екі жыл қызмет істедім, ал Қазақстанның ішкі істер органдарында қызметте жүргеніме биыл отыз үш жыл болады. Әрине, қазіргі полиция қызметінің штагтық саны көп, қызметі аса күрделі, артылған жауапкершілік, міндет, бұрынғы милицияға қарағанда жеке құрам арасында қылмыс пен қызметтік тәртіпті бұзу деректері көп. Кез келген мемлекеттік қызметтің бағасын халық береді. Көпшілік арасында бұрынғы және қазіргі ішкі істер органдары қызметін салыстырғанда түрлі пікір бар. Бұл барша жұртқа аян, БАҚ-тар мен әлеуметтік желілерде жариялануда. Адамгершілік қасиеттерін жоғары ұстаған Қазақекең – «Милиция – менің қорғаным» деп бағалаған дәурдің бірден-бір өкілі. Адамға көмек беруге, інілеріне ақыл-кеңес айтуға әрқашан дайын. Ағамыз – қандай да бір атакқа, мақтауға әбден лайық, адал азамат, биік тұлға. Департамент пен қалалық полиция басқармасының жеке құрамы алдында абыройы жоғары, үлкен де жас та бірдей сыйлайды. Полиция департаменті ардагерлер кеңесінің мүшесі, жас қызметкерлердің тәрбие жұмыстарына белсенді араласады. Өзінің ақыл-ойымен, сабырлығымен, көркем мінезімен жоғары адамгершілік қасиеттерімен бүгінде ардагерлер мен жас қызметкерлерге, шәкірттеріне, жалпы жұртқа үлгі болған тазалықтың, әділдіктің, тектіліктің, турашылдықтың символына айналған Қазыбек ағамыз әлі де арамызда, сапта.

«Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы сөз – жанның тынысы».

Әрбіріміздің қадір тұтып, ақылдасып, пікір алысатын өзіне үлгі тұтатын адамымыз болады. Өте мәдениетті, ішкі дүниесі бай Қазыбек аға мен үшін сол адамдар қатарына жатады. Оның тағы бір артықшылығы – есте сақтау қабілетінің ерекшелігі.

Марабай ақынның «Асыл туған жақсының ақыл-ойы кен болар» деген сөзі Қазбек ағам арнап айтқандай. «Тектілік – адам бойындағы асыл қасиет, парасаттылықтың ұрпақтан-ұрпаққа тұқымқуалаушылық арқылы берілуі. Тектілік тек гендік түрде берілетін биологиялық қасиет қана емес. Нағыз тектілік сыпайылықпен, мейірбандықпен тікелей байланысты. Елін, халқын шын сүйіп, олардың мүддесін өз мүддесінен жоғары қоя білетін адамдар неғұрлым көп болса, соғұрлым тектіліктің қадір-қасиеті артып, қоғамдағы қайшылықтар шешімі жеңілдейді» дейді осы мәселені зерттеп жүрген ғалым Аманжол Ақын.

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады екен. Ағамыздың жақсы оқушы, кейін нағыз азамат болып қалыптасуы оның әке-шешесі, сосын ұстазының еңбегі болар. Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген қасиеттермен ерекшеленеді. «Биік төбеге шықсаң көзің ашылады, жақсымен сөйлессең көңілің ашылады» демекші ол кісімен сөйлесіп, пікірлесудің өзі бір ғаламат дүние.

«Жақсы менен жаманның аспан мен жердей паркы бар». Ұлы Абай өзінің он тоғызыншы сөзінде: «Адам ата – анандан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танып-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естелік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіл-білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтана, сонда іске жарады, соны адам десе болады...» дейді. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – сол естілердің айтқан сөздерін ескеріп, өзі де естілер қатарынан орын алған азамат.

Ақын Нұржан Наушабаев былай деген екен: «Әдеп, ақыл, білімді үйреніп ешкім тұмайды, көруменен ысылар». Алла тағала адам бойындағы осы қасиеттерді саты-сатысымен дамытып жетілдіруді жаратқан. Қазекеңнің жүріп өткен жолы тек жас полициягерге ғана емес жас ұрпаққа, келешегіміз үшін тәрбиелік маңызды бар, ұрпақтар сабақтастығына септігін тигізетіні сөзсіз.

Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ,
заңгер, полковник,
журналист.
Ақпарат саласының үздігі

ТАҒЫЗЫМ



Қолымда республикаға белгілі дәрігер, Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері Дина Абпақызының естелігі. Көрген-түйгені мол жан жастарға, оқырмандарға өткен өмірі, білім алу мен арманға жету жолындағы қиындықтарды қалай еңсергені туралы баяндаған. Сол естелікті өзім оқып қана қоймай, көпшілік назарына ұсынуды жөн көрдім.

ЖАН ДҮНИЕНІҢ ШИПАСЫН ІЗДЕГЕН

«Мен 1940 жылы желтоқсан айында бұрынғы Теренөзек ауданы «Аламесек» (кезінде Жібек жолы бойындағы үлкен қалалардың бірі болған) деген жерде дүниеге келдім. Кейін ол ауыл «Ақжармаға» қоныс аударған.

Әке-шешемнің 4 баласы кішкентай кезінде шетіней берген соң, әулие-әмбие жағалап жүргенде дүниеге келіпін. Дина Нұрпейісоваға ұқсаған домбырашы болсын деп атымды Дина қойған. Нағашым Баттал Ошақты руының пірі болған, білімді, ескіше дін жолында өте сауатты болған деседі. Адам емдейтін қасиеті бар екен.

Әке-шешеден сіңілім Дәмелі, інім Сақтапберген үш ағайынды өсіп-өндік. Үлкендер колхоздың жұмысында, таң атпай кетеді, ел жата, қараңғыда келеді. Мектепте сабақ беретін нағашым Әбдіғәппар қысқы каникулдан кейін 1947-1948 оқу жылы балалар мектепке барғанда, «далада жүргенше класқа кіріп, жылы жерде отыр» деп мені сабаққа қосыпты. Бойым кішкентай, бірінші партаға отырғызғаны есімде.

Сабаққа алғыр болдым. Бірінші классты жақсы оқып бітірдім. Ауылдағы «Шандайкөл» мектебі 7 жылдық болатын. Ол кезде комсомол мүшесі болу қол жетпейтін арман еді, үштік бағамен қабылдамайды. Бір-бірімізбен жарысып, бәріміз де жақсы оқымыз.

Кешкілік мектеп босаған кезде қарауыл есікті құлыптап үйіне кетеді, қасыма қыздарды ертіп спорт залының терезесінен кіріп, матраста жаттығамыз аэробиканың элементтерін жасаймыз, турникке тартыламыз. Мектеп бітіргеннен кейін құрылыс институтына барсам ба екен деп едім. Алматыдан медицина институтының өкілдері келіпті, интернатты бар екен. Тамағым тегін болса, стипендия алсам, көп болса институтқа жаяу барармын деген оймен емдеу ісі факультетіне құжат тапсырғалы жатқаныма, құжат қабылдайтын апай «бұл жердің конкурсы өте күшті, сіздер қызсыздар, одан да педфакка тапсырындар» деді. Екі бестік бағаны физика мен химиядан алып, оқуға түстім.

Ауылға келсем, «Алматыға оқуға түссе, ол енді саған жоқ, сол жақта қалады, ауылды не қылыс» деген жұрттың сөзіне еріп анам «Алматыға бармайсың» деп қиғылықты салсын. Әкем де әдепкіде оны қоспады. Мен үш күн жыладым. Оның үстіне қаражат та жоқ. Ол кезде жалақы бидай, күріш, жүгерімен төленеді. Үйде бір сары ешкі бар, одан басқа мал да жоқ, қу кедейшілік-ай. Үш күннен соң әкем анама ұрысып, «оқысын, өзі түсіп келген баланы қалай жібермейсің» дегені.

Үйдің ұрыс-керісі тыйылды, оқуға баратын болып әке-шешемнің, ауылдағы үлкен кісілердің батасын алып, жолға жиналдым. Жиналатындай ештеңе жоқ, тек Алматыға жеткізетін пойызшұл керек. Билетке ақша табылса болар еді деп Құдайға жалбарындым. Ауылдың бас есепшісі, ауылсовет ағаларымыз еді, оның үйі, директордың үйі және т.б. ақшасы бар-ау деген үйлердің бәрине көкем кіріп шықты. Ешкімнен бір сом ақша табылмады. 17 тамызда Алматыда болуым керек, тыңға жіберуге ерте шақырып жатқан кез. Ең соңында ауылда Темірхан деген кісі ақша беретін болды. Үй-шімізбен қуанышымызда шек жоқ. Алматыға екі жарым тәулікте зорға жеттім. Ертеніңе жатақхана-интернатты орналастырды, одан соң жайдақ пойызбен тыңға тартып кеттім.

Екінші курс басталғанда денешынықтырудан беретін татар бапкер Дина Михайловна шақырып алды. «Дина, өте икемдісің, сенен жақсы гимнаст шығады, ертеңнен бастап спорттық гимнастикадан секцияға спорт залына кел» деп шақырды. Өзіме де керекті сол еді. Медицина институтындағы оқу өте қиын, кілең жаттау. Оның үстіне мен сияқты ауылдан қазақ мектебін бітіргендерге оңай емес. Оқығанымызды орысша алып айтып беруге қиналатынбыз, тіліміз жетпей жатады. Біз сияқтыларға орыс тілі сабағы, орыс мектебін бітіргендерге

ағылшын тілі жүретін. Белоусова деген қазақ студенттерге екілік қояды, сосын оларды басқа сабақтан сынаққа жібермейді, сөйтіп стипендиядан қағылады.

Алты жыл мединститутта оқығанда ауылға алты-ақ рет бардым. Қысқы каникулда баруға пойызшұл жоқ. Жазда барып келуімнің өзі қиынға соғып жүрді. Бапкер Дина Михайловна спорттық гимнастикадан бірінші разрядтың нормативін орындаған спортшы деңгейіне жеткізді. Институтты бітірген соң да солай болды. Спортқа деген қызығушылығым бас дәрігер болған кезде бүкіл ұжымды спорттық рухта тәрбиелеуіме, басқаруыма бірден-бір ықпалды күш болды.

Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрінің жолдамасымен 1964 жылы Қызылорда облыстық балалар ауруханасына алдымен ординатор, екі айдан кейін қыздар бөлімінің меңгерушісі болып орналастым. Кәсіподақ ұйымының төрайымы болып, барлық қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырдым. Балалар психиатриясынан білімімді жетілдіргім келіп, өз атымнан облыстық денсаулық сақтау басқармасы, Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігіне өтініш жаза бердім. Одақ бойынша балалар психиатриясынан біліктілік жетілдіретін Мәскеуде бір-ақ институт болды. Ол – балалар мен жасөспірімдерге арналған В.В.Ковалевтің кафедрасы.

Венгрияға, Болгарияға, ГДР-ға, Египетке барып жүріп, жолда міндетті түрде осы институтқа соғамын. Ауызша да, жазбаша да өтініш айттым. «Неге маған оқуға жолдама бермейді» деп министрліктегі психиатрия саласына жауапты қызметкер Әсия Әбішқызына бардым. Оның айтқаны: «Бізге жылына 2-ақ жолдама келеді. Оны саған кім береді, осы Алматының өзінде қалады» деді. Ш.Абдуллаев ағамыздың бұл кезде көп жәрдемі тиді.

Менің ауруханада ерекше көзқараспен қарайтын 3 бөлімшем бар болатын. Олар – балалар бөлімшесі, невроз бен сараптау, 7-емдеу-диагностикалық ерлер бөлімшесі.

Балалар бөлімшесі дейтін, бұл бөлімшеден еңбек жолым басталған. Маған рухани жақын, ата-аналар бөлімшесінің ішіне кіріп, зерттеп, төсек-орнын, жиһаздарын қарап, қандай жағдай жасалады, соны байқап барып баласын осы бөлімшеде емдеуге келіседі.

Невроз бөлімшесінде емделетіндер негізінен шекаралас жай-күйдегілер болатын. Оларға барлық жағдайды жасауға тырысатынымын. Башшылық қызмет еткен кездегі бөлімше меңгерушілері Мақашева Наталья Павловна, Баженова Галина Сергеевна, Батырбекова Сара Ахметханқызына, Бақыт Тоқшылыққызына, Писчачская Алла Григорьевна және т.б. елге жасаған мінсіз қызметі үшін алғысым зор.

Құрылысқа деген қызығушылығым жоғары еді. Алдымен әке-шешеме үй салып беруге дәнекер болдым, кейін бұл ептілігім ауруханадағы көптеген құрылыс жұмыстарының сәтті аяқталуына септігін тигізді.

Құдайға шүкір, жасым ұлғайса да, өзімді тың, ақыл-ой, сана-сезімім жоғары еді, күш-қуатым жеткілікті сезінемін. Бәлкім бұл өмірге деген құштарлығым, еңбектен тапқан зейнетім болар. Кезіндегі спортқа деген сүйіспеншілігім мені шындей түсті, өмірдегі қиындықтар жігерімді жаныды. Адамның жан дүниесіне шипа іздедім, көп адамдарды жәрдемім тиді деп ойлаймын.

Отағасым кезінде мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, агроколледжде ұстаз болған Пакуаш ұдайы демеп отырды, отбасымыздың басшысы болды.

Қызым Азиза – ағылшын тілінің маманы. Ұлым Әзім – инженер-бағдарламашы. Қызым да, ұлым да өмірдегі серігің, бақытын тапты. Бізге немерелер қызығын көрсетті. Солармен мақтанып, тілегін тілеп, өміріміз жалғасын дейміз.

Дайындаған
Жалғас ЖҮСПАЙ

ЖОБА

«Қызылорда облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату тәртібін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 21 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:
1. «Қызылорда облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату тәртібін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №21 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5702 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда облысының әкімі Н. Нәлібаев

Келісілді
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Қызылорда облысының полиция департаментінің 2024 жылғы 8 сәуірдегі №30-21/1804 хатымен

Қызылорда облысы әкімінің 2024 жылғы «__» №__ шешіміне қосымша Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылғы «22» желтоқсандағы № 21 шешіміне қосымша

Қызылорда облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату тәртібі

Жалпы ережелер

1. Қызылорда облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді

сату тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңымен, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңымен, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 10 маусымдағы №81-ө «Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ішкі істер органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» өкіміне сәйкес әзірленді.

Тәртіптің мақсаттары мен міндеттері

2. Осы тәртіптің мақсаты мен міндеті Қызылорда облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шараларда шыны ыдыстағы өнімдерді сату кезіндегі тәртіпті айқындау болып табылады.

Шыны ыдыстағы өнімдерді сатуы ұйымдастыру

3. Заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шараларда шыны ыдыстағы өнімдерді сату уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілген орындарда жүзеге асырылады.

4. Шыны ыдыстағы өнімдер санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, қауіпсіздік техникасының ережелері және өрт қауіпсіздігі сақталған жағдайда сатылады.

5. Заңды тұлғалар және сауда нысандарының жеке кәсіпкерлері шыны ыдыстағы өнімдерді сату кезінде жүзеге асырады:
1) инженерлік инфрақұрылымды, тоңазытқыштың техникалық қызмет көрсетуін, сауда және өзге де жабдықтарды құру және жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
2) сауда нысанын қорғау;
3) азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шыны ыдыстағы өнімді бір мәрте қолданылатын қағаз немесе пластикалық стаканға сатуы қамтамасыз ету;
4) сауда орнынан қоқыстардың шығарылуын қамтамасыз ету;
5) сауда нысандарын мерекелік тақырыптық ресімдеу.

6. Спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралардың ұйымдастырушылары мыналарды қарастырады:
1) шыны ыдыстағы өнімдерді сатуы жүзеге асыратын сауда нысандарының орналасу сызбасының болуы;
2) шыны ыдыстағы өнімдерді сатуы жүзеге асыратын сауда нысандары орналасқан орындарда контейнерлер, қоқыс жинайтын жәшік орнату;
3) шыны ыдыстағы өнімдерді сатудың уақыты, орны және тәртібі туралы ақпараттарды заңды тұлғаларға және сауда нысандарының жеке кәсіпкерлеріне жеткізу;

4) ішкі істер органдарымен бірлесіп отырып, бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда сауда ережелерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету.

Су есте сақтауға қабілетті, оның жады бар.
Эмото Масару, жапон зерттеушісі



Сабыр етші, ардағым, Ақжайығым, Бак-жұлдызы ұлттыңмын, манайымның,

Дүлей-кердің араны аптықтырып, Бұлт торлады аспанын арайымның. Жадың бар ғой, Жайығым замандардан,

Себін айтшы, қайтатын райыңның. Жанары жауаңдайды саған қарап, Адамның да, жұлдыздың, нұр-айыңның.

Тілектері, еңбегі зая кетпес - Азамат, туыс-жекжат, ағайынның.

Құлағына «жал» жеткен арғымағым,

Қуат-күшін үдеттің қарғыманың. Сабырыңды Жайығым, дүлей жұттып,

Айыл жимай келеді қарғын ағын. Топан су – тоң сарқыты,

Түрен салып қопарды топырағын. Мөлдірін ылайлаған топан соқыр, Шайқап-шашып бүлдірді атырабын.

Қағанағын қақ жарып өскіндердің, Қалтырайды жағанда жапырығын.

Ерік-жігер, ар тасып, тік тұратын, Әр қазағым намысты, нар болатын. Қан да жұттың бір кезде қиянаттан, Бабаларға қайратып шарболатын. Ақ жайығым, сабыр ет,

ел-жұртың бар, Ет-жүрегің жағаңа жар қылатын. Мұндағы періштелер үлпершегі, Шілтен-бөгет – дүлейлер жасқанағын.

Жамиғаттың, жақсының тілегі ағыла,

Ауыздықтап арынды баса алатын.

Мың алғыс бәріңе де, азаматым, Бірліңде – ақиқат, аманатың, Ұрпағысың Көкбөрі, қыран қанат, Құрбандыққа шалатын қазанатын. Жаралдың құрсағынан өз аңаның, Қиналғанда ақ сүтін

«көк сауатын». Тілегі қабыл еді, Ұлы жұрттың, Тәңірі мейірімнен бақ табатын.

Топан судан тазартам, түйіп алшы – Тілегімді жадыға жатталатын.

Ақжайығым, ардағым, ар қанатым, Сабағың көп санада сақталатын. Жаратқаннан сұраймын

көрсетпе деп, Мезетті тал қарматып, таң асатын. Тобырдай туласа да топан қайтар, Сәңің келер өзіңе жарасатын. Тоң-тезек топандардың

мекені жоқ, Олар тексіз жағаңа жармасатын. Сабыр ет, азаматтар күтіп отыр, Ақыл-айла пайымдап отол ашатын...

Даража БАЛАПАН, заңгер, Халықаралық ақпараттар академиясының академигі, Т.Айбергенов атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Жарқын бейнең жадымызда сақталады



Әулеттің ардақты келіні, балаларының қамқор анасы, немерелерінің сүйікті әжесі Дина Абпақызы қасиетті Рамазан айының ортасында фаниден озған еді. Зымыраған уақыт, әне-міне дегенше қырық күн болып қалды. Дина Абпақызы 1940 жылдың желтоқсан айында Сырдария ауданының «Ақжарма» ауылында дүниеге келген. 1958 жылы Алматы мемлекеттік медициналық институтының педиатрия факультетіне түсіп, 1964 жылы балалар дәрігері мамандығы бойынша бітірді. Денсаулық сақтау министрлігінің жолдамасымен Қызылордаға келіп, еңбек жолын облыстық балалар психоневрологиялық ауруханасында ординатор болып бастап, кейін қыздар бөлімшесінің меңгерушісі, 1971-1996 жылдары облыстық психоневрологиялық диспансе-

рінде бас дәрігер, І республикалық психоневрология ауруханасында емдеу ісі бойынша бас дәрігердің орынбасары, бас дәрігері болып абыройлы қызмет атқарды.

Аулы жан 26 жыл облыстық психоневрология саласында басшылық етіп, өз ісін жақсы білетін білімді де білікті дәрігер, ақыллы ұстаз, үздік ұйымдастырушы екенін ұжым ортасында көрсете білді. Ақыл-парасатымен және мейірімділігімен ұжымды біріктіріп өзінен кейінгі жастарды тәрбиеге баулып, білгенін үйретуден жа-лықпады. Еңбек жолындағы ең жоғары баға – халықтың құрметіне, елдің ықыласына, ағайын-туыстың алғысына бөленді. Медицина саласындағы еңбегі еленіп, «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» медалімен, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері» төсбелгісімен, Халық депутаттары облыстық Советінің, облыс әкімі мен облыстық мәслихаттың Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ағамыз Пакуаш екеуі ұл-қыз тәрбиелеп, олардан немере сүйді. Ағайын-туыс ортасында жана-шыр, кенейіл мінезімен, шексіз қамқорлығымен жүргенімізге ұяла-ған жарқын бейнесі ұмытылмақ емес. Жатқан жерін жайлы, орның пейіштің төрінде болғай.

Еске алушылар:
Алтын Қалияқбарова және қайнаға-абысын, қайын-келіндері

Қызылорда қаласына қарасты елді мекендердің тұрғындарының назарына!

22.04.2024 жылы Ақсуат, Ақжарма, Тал-дыарал, Ііркөл елді мекендерінде;
23.04.2024 жылы Белкөл кенті, Бірқазан елді мекенінде;

24.04.2024 жылы Абай, Досан, Қарауылтөбе елді мекендерінде;

25.04.2024 жылы Қараөзек, Айнакөл, Тал-суат елді мекендерінің ауызсу жүйелерінде жоспарлы көктемгі жуу-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауызсууды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.
Анықтама тел.: 8(7242) 70-08-54.

«Арал» СЖКБД филиалының «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы мен Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы белгілі журналист, «Казакстанская правда» газетінің облыстағы меншікті тілшісі Әлібек Байшуленовке әкесі

Әбсат Жайлаубайұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақ-тасып көңіл айтады.



ОРТАЛЫҚ АЛАН ҚАЙТА ЖАСАНУДА

Мұнда жаңа үлгідегі орындықтар, жарық бағаналары және балалар ойын алаңы да қойылатын болады. Ыбырай Жақаев көшесінің Қорқыт ата көшесінен Орталық алаңға дейінгі аралығы да толықтай абаттандырылады. Осылайша шаһар келбеті жыл санап көріктеніп түспек. Бұл бағыттағы жұмыстар қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылуда. Көпшілікке көзім боларлық жобаны бұл салада мол тәжірибесі бар «Технастка-Ремсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асырады.



– 2023 жылдың күз мезгілінде Орталық алаңды абаттандыру жұмыстары басталғаны өздеріңізге белгілі. Қазіргі таңда құрылыс жұмысының 70 пайызы бітті. Маусым айына дейін жөндеу жұмысы толықтай аяқталып, қала тұрғындарына пайдалануға беріледі.

Орталық алаңға енген өзгерістер қала тұрғындары мен жастардың талап-тілектерін ескере отырып жасалды. Сырдың перзенті, меценат Асқар Әубәкіровтің қолдауымен 1 млрд теңге бөлініп, қызу жұмыс басталып кеткен еді. Алаңдағы ашық жатқан жерлер жасыл екпелермен көмкерілетін болады. Қалада бұрын болмаған, арнайы тапсырыспен алынған ағаш түрлері егіледі. Ерекше архитектуралық формалар мен тұрғындарға арналған демалатын орындар да қарастырылуда, – дейді қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай.

1-бет

Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

БАУЫРМАЛДЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМА

Жапонияның «Шөп тамыры» бағдарламасы арқылы облыстағы бірқатар нысанның жұмысы жанданып келеді. Соның бірі – Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицей. Аталған білім ордасы 2022 жылы бағдарлама аясындағы «Мектепті автобуспен жабдықтау» жобасының грант иегері атанды.

Осыған орай мектеп ұжымы Жапон елшілігі өкілдерімен кездесу өткізді. Кездесуге Жапонияның Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Джун Ямада, Жапон елшілігінің атташесі Шимон Комия, «Шөп тамыры» бағдарламасының үйлестірушілері Ютаро Икэноуэ мен Алия Көксегенқызы және облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов қатысты.

Аталған бағдарлама республика көлемінде әлеуметтік салаға қатысты бірқатар мәселенің шешілуіне септігін тигізіп отыр. Негізінен адамдардың өмір сапасын жақсарту мақсатында қоғамдық қорларға, мектептер мен медициналық мекемелерге көмек көрсету үшін жүзеге асырылады.

– Біз бұл бағдарламаны 1997 жылдан бастадық. Осыған дейін 100-ден аса жобаға қаржылай қолдау көрсеттік. Бағдарлама



аясында сіздермен жұмыс істегенімізге ерекше қуаныштымыз, – деді ол.

Ал облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов Жапон елшілігіне алғыс білдірді.

– Жапония – Қазақстанның стратегиялық серіктесі. Сіздердің әлеуметтік жобаларға арналған көмектеріңіз білім сала-

сының ғана емес, басқа да салалардың дамуына үлкен көмек. Бұл – өте маңызды жұмыс. Адам өмірін қауіпсіз етуге бағытталған әлеуметтік жобаларыңыз сәтті болсын, – деді ол.

Мектепке «Сабалак» және «Эдельвейс» шет аймақтарынан 630 бала қатынап оқитындықтан, оларды тасымалдау қиындық туғызған. Жыл сайын бала санының артуына байланысты екі көлік азық етіп, аталған грант жобасына ұсыныс жіберілген. Бүгінде 4 автобус балаларға қызмет көрсетіп келеді.

– Біз бұл жобаға қатысуға 2021 жылдың қазан айында рұқсат алдық. Құжаттарды дайындадық, тыңғылықты жұмыстың нәтижесінде «Мектепті автобуспен жабдықтау» жобасы бойынша 65 764 АҚШ доллары грантын ұтып алдық. 2022 жылы Жапон елшісі Джун Ямада мырзамен онлайн режимде келісім-шартқа қол қойдық. Оқушы тасымалына көмек көрсеткен Жапон елшілігіне, оқушылар мен олардың ата-аналары тарапынан алғыс айтамын. Екі ел арасындағы қарым-қатынас бауырмалдыққа негізделген, – деді мектеп директоры Б.Тумырзаев.

Кездесу соңында мектеп ұжымы Жапон елшілігіне ризашылық білдірді.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ адамзаттың тұрмыс салтын басқа арнаға бұрады



Фото: Ашық дереккөзден

Жаңанды дүрліктірген жасанды интеллект пен IT саланың өзге де цифрлық құзыреттілігі Қазақстанға да бейтаныс емес. «Кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллекті технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор. Ол адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс үдерістерін автоматтандырады. Сондықтан қысқа мерзім ішінде жасанды интеллектіңің дамуы үшін барлық жағдайды жасау қажет» деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Аталған сала бойынша Сыр өңірінде де жаңа бастамалар мен жақсы жаңалықтар күн санап артауда. Мәселен, жақында Түркістанда өткен «Recodetau» республикалық хакатонна қатысқан резиденттер Үндістан мемлекетіне тағылымдамаға жолдама ұтып алды.

– 13-14 сәуір күндері Түркістан қаласында «Respublica» партиясының ұйымдастыруымен өткен «Recodetau» республикалық хакатонна қатыстық. Байқауға 18-25 жас аралығындағы жастар келді. Бір ерекшелігі, қатысушыларға жаңа жобаларды жүзеге асыру, бірегей бизнес жоба жасау, шетелдік компаниялардан тәжірибеден өту мүмкіндіктері қарастырылған. «Ресо-

detau» хакатоны туралы хабар алғаннан кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушыларынан және мектеп оқушыларынан құралған «Neo Nomad» командасын құрып, қатысуға шешім қабылдадық. Мен веб-сайттың интерфейсін жасауға, Жұлдызай Мұнайтасова аппараттарды құру бөлігіне, Асылжан Абдуллаев жоба презентациясын әзірлеуге және команда жетекшісі Темірлан Абжанов жобаны идея сатысынан түр сатысына дейін жүзеге асыруға жауап бердік.

Хакатонға еліміздің әр аймағынан 150-ге жуық адам қатысты. Байқаудың шарты бойынша берілген бизнесті цифрландыруға бағытталған 8

тақырып және қосымша табиғи апаттар кезінде жедел әрі оңтайлы шешім шығаруға бағытталған жоба ұсыну керек. Командамен ақылдаса отырып, соңғы жылдары елімізде жиілеп кеткен табиғи апаттар мәселесін шешуге бел будық. Нәтижесінде «ReDabyu» жобасын әзірледік. Су тасқыны секілді табиғи апат кезінде жұмыс істеуге арналған мониторинг және алдын ала болжауға арналған кешенді жүйені құрастыру өзімізге де қызықты әрі ізденіске толы болды, – дейді Quzylogda Hub бизнес-инкубаторының резиденті, Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Раушан Тұрғанбай.

Айта кетейік, жаңа жобаның нәтижесінде сенсорлар нақты уақыт режимінде өзен арналарының бойында орналасқан су деңгейін және басқа параметрлерді үздіксіз бақылайды. Су тасқынын көрсететін шекті мәннен асқан кезде сенсорлар автоматты түрде жауапты органдарға дабыл туралы ақпаратты жібереді де, осылайша мамандандырылған бригадаларды қажетті жерге жіберу арқылы жұмыс күшін азайтуға және автоматизациялауға көмектеседі.



– Зерттеуіміз бойынша мұндай цифрланған жүйе жалпы Қазақстанда жоқ және осыған дейін ашық түрде ақпарат алып, анализін көруге мүмкіндік болмады. Ал біз пайдаланған сервер арқылы телефонға дабыл жіберуге, яғни, ашық түрде ақпаратпен танысуға мүмкіндік бар. Идея хакатон ережесі бойынша берілген тақырыптарды көргеннен кейін туындады. Екі күн ішінде жүйенің аппараттық бөлігін, веб сайт пен бизнес анализін жасап үлгердік. Respublica және Codetau ұйымдарының мүшелерімен нетворкинг арқылы үлкен тәжірибе жинақтадық. Сонымен қатар Quzylogda Hub бизнес-инкубаторының ұжымына алғысымыз шексіз. Бұл жоба – бүгінге дейін жинаған тәжірибеміздің жемісі. Командалық жұмыстың арқасында жүлделі I орын иеленіп, Үндістан мемлекетіне 10 күн тәжірибе алмасуға да мүмкіндік алдық. Қуанышымызда шек жоқ! – дейді ол.

Өңірде аталған салаға қызығушы жастарға қолдау да, ойлағанын іске асыруға мол мүмкіндік те бар екенін атап өттік. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Quzylogda Hub бизнес-инкубаторының жетекшісі Жанарыс Алтынбекұлының айтуынша, әр ай сайын жоспарлы түрде жаңа іс-шаралар ұйымдастырылады.

– Бұйырса, 3 мамырда облыс тұрғындары арасында «Quzylogda Hack» облыстық хакатон өтеді. 500 000 теңгелік жүлде қоры және 1 оқу гранты қарастырылған байқау оқушыларға жақсы мүмкіндік деп ойлаймын. Биылғы ерекшелік – хакатон секциялары бойынша жеке-жеке байқау өткізу жоспарлануда. Жыл соңына дейін 4 хакатон ұйымдастырылатын болады.

Айта кетейік, былтыр облыс әкімінің қолдауымен «Smart City Quzylogda Hackathon» идеялар байқауы өтті. Бесінші мәрте өткізілген байқауға 350 қатысушы, 120-ға жуық жоба тіркелген болатын. Үш секция бойынша әр жеңімпазға қаржылай сыйлықтар табысты. Сонымен қатар біршама оқушылар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім грантын иеленді. Биыл да талантты, талапты жастарды күтеміз! – дейді ол.

Д.МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.